



ПРЕЗИДЕНТ

БҮГІНГІ КЕЛІСІМ – ЕРТЕҢГІ ТАБЫС КЕПІЛІ

Ақордада елімізге ресми сапармен келген Словакия Премьер-министрі Роберт Фицоны салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Роберт Фицо бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Президент шағын құрамдағы келіссөз барысында Премьер-министрдің елімізге жасаған сапары қазақ-словак серіктестігін нығайтып, екіжақты қатынастардың жаңа кезеңіне жол ашатынын атап өтті.

— Қазақстан мен Словакияны тығыз ықпалдастық байланыстырады. Біз ірі жобаларды жүзеге асырып жатырмыз. Дегенмен тиісті деңгейде зерделеп және болашақта қолға алатын жаңа бағыттар бар деп ойлаймын. Сондықтан сіздің бұл сапарыңызға ерекше мән береміз, сондай-ақ екі ел арасындағы ынтымақтастықты дамытуға ықпал етеді деген сенімдеміз. Сіздің еліңізбен қарым-қатынасты жоғары бағалаймыз және Словакияны Қазақстанның Еуропа Одағындағы негізгі серіктестерінің бірі санаймыз. Сол себепті мен Президент ретінде мемлекеттеріміз арасындағы ықпалдастықты түрлі салада кеңейту үшін бар күш-жігерімді саламын, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Словакия Премьер-министрі қос елдің қарым-қатынасына тың серпін беруге және Қазақстанмен сауда-экономикалық ынтымақтастықты өрістетуге дайын екенін жеткізді.



— Жоғары Мәртебелі Президент мырза, қонақжайлық танытқаныңыз үшін зор ризашылығымды білдіремін. Елдеріміздің саяси ұстанымында алшақтық жоқ екенін растаймын. Сондықтан өзара тиімді экономикалық байланыс пен достыққа баса мән беруіміз керек. Бүгін біз қос тарапқа да қызықты әрі маңызды бірнеше жобаны талқылаймыз. Бұл сапарымның қорытындысы табысты болатынына сенімдімін, — деді Роберт Фицо.

Шағын құрамдағы кездесуден кейін Қасым-Жомарт Тоқаев пен Роберт Фицо келіс-

сөзді екі ел делегацияларының қатысуымен жалғастырды. Мемлекет басшысы Словакияны Қазақстанның Еуропадағы маңызды әрі сенімді серіктесі ретінде атады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Астана мен Братислава арасындағы ынтымақтастық берік құқықтық базаға арқа сүйейді. Ол барлық бағытты қамтиды. Қазақстан Словакиямен күн тәртібіндегі екіжақты және көпжақты серіктестікті терендетуге ниетті.

Мемлекет басшысы экономикалық әріптестікке баса назар аудару қажет деп санайды.

Былтыр тауар айналымы 140 миллион долларды құраған. Қазақстанда Словакияның 30-дан астам компаниясы жұмыс істейді және 22 бірлескен кәсіпорны түрлі секторда қызмет етіп жатыр.

Қазақстан Президенті ынтымақтастықты одан әрі әртараптандырудың маңызына тоқталды. Мемлекет басшысы энергетика, өнеркәсіп өндірісі, ауыл шаруашылығы, логистика, цифрландыру, аса маңызды шикізат материалдары, білім және туризм салаларында мол мүмкіндік бар деп санайды.

Словакия Премьер-министрі Мемлекет басшысына өзіне және делегациясына қазақ жерінде көрсетілген құрмет үшін алғыс айтты.

— 1944-1945-жылдары Словакияны азат етуге қосқан өлшеусіз үлестеріңізге шынайы ризашылығымды білдіремін. Кенес әскері сапында Қазақстанның миллионға жуық сарбазы қан майданда шайқасты. Олардың ішінде 60 мыңға тарта жауынгер Словакияны жаудан қорғау үшін жанын пиде етті. Сол сұрапыл уақытта Словакияға жасаған жақсылықтарыңызды ешқашан ұмытпаймыз. Жоғары Мәртебелі, Сіздің еліңізді дамытуға және Әділетті әрі Өркендеген Қазақстанды құруға бағытталған өршіл бастамаларыңызды асқан қызығушылықпен бақылап отырмыз. Еуропа Одағындағы әріптестеріме тек Ұйым шеңберіндегі жұмыспен шектелмей, әлемге кеңінен қарап, өзге де мемлекеттердің жетістіктерін зерделеу керек екенін үнемі айтып келемін. Біз дүние жүзіндегі серіктестерімізбен белсенді ықпалдастық орнатып, ынтымақтастықты нығайта беруіміз қажет, — деді Роберт Фицо.

(Жалғасы 2-бетте)

МІНБЕР



Асанәлі ӘШІМОВ,
КСРО және ҚР Халық әртісі,
КСРО Мемлекеттік
сыйлығының лауреаты:

ӨНЕР – МЕН ҮШІН ТАҒДЫР

Қазақ өнерінің корифейі, төл өнеріміздің төлқұжаты – Асанәлі Әшімов. Тарих бетінде таспаланған «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры», «Транссібір экспресі», «Сіз кімсіз, Ка мырза?» және тағы басқа фильмдегі рөлдері – Асанәлі Әшімовтің актерлік қуатын танытқан шығармашылық белес. Таяуда туған күніне орай атамызды жұмыс кеңсесіне іздеп барып, аңыз адаммен бір сағаттан аса әңгімелестік. Өткенін сағынышпен еске алды, күлді, көңілі жабырқады...

МӘСЕЛЕ

ДРОППЕРДІ «ТӘУБЕГЕ» КЕЛТІРЕТІН ЗАҢ ДАЙЫН

Елімізде алғаш рет алаяқтардың көмекшілеріне – дропперлерге қатысты қылмыстық жаза енгізілді. Осыны бизнес қылып, алаяқтардың қатарын көбейтіп жүргендер жетерлік. Енді олардың табанына тас қойып, тоқтау салынбақ. Алайда басқа проблема бой көтерді. Құқық қорғау органдарының және Парламент депутаттарының айтуынша, алаяқтарға банк қызметкерлері көмектесетіні әшкере-ленді. Оларға да тегеурінді тоқпақ табылса жөн.



БАСПАСӨЗ-2025



AIQYN

**AIQYN республикалық қоғамдық-саяси
газетіне екінші жартыжылдыққа
жазылу басталды**

Жазылу түрлері	Индекс	Жазылу мерзімі	Редакция бағасы	«ҚАЗПОШТА» АҚ жазылу бағасы	
Заңды тұлғалар үшін	15102 - AIQYN	6 ай	10 500	Қала	Ауыл
				15 871,08	11 854,86
Жеке жазылушылар үшін	65102 – AIQYN	6 ай	6 250	7604,46	



Анықтама телефондары:

«Қазпошта» анықтама бөлімі: 8 (7172) 58-02-96
Жазылу және тарату бөлімі: 8 (778) 837-07-21



БІР КҮНДІК ТАБЫС, БІР АЙЛЫҚ ӨКІНІШ

Жаз болса бірден баласын жұмысқа орналастырып қоюды көздейтін әке-шешелер бар қоғамда. Бұл жерде зардап шегетін бала. Әсіресе, жоғары сынып оқушылары мен студенттер даяшы, сатушы, бариста, курьер сияқты маусымдық жұмысқа әуес. Сондағы табатын табысы күніне 5 мың теңгеден басталады.



→ 7

ЗИЯТКЕР ОҚЫРМАН МЕКЕНІ

Бұл кітапханаға күніне келетін оқырман саны орта есеппен 100-ден асады. Еуропалық стильде құрылған Қосшы қаласындағы Орталық кітапханаға ең бірінші ғимараттың ерекшелігіне қызығып келетіндер көп. Кітапхана қызметкерлері осылай дейді.



→ 8

12 МАУСЫМ 2025 | БЕЙСЕНБІ

ПРЕЗИДЕНТ

БҮГІНГІ КЕЛІСІМ – ЕРТЕҢГІ ТАБЫС КЕПІЛІ

(Басы 1-бетте)

Келіссөз барысында тараптар казак-словак байланысын дамытуға ықпал ететін серіктестікті одан әрі нығайтуға, жана бастамаларды іске асыруға бейіл екенін растады.

Мемлекет басшысы БАК өкілдері алдында сөйлеген сөзінде, ең алдымен, Словакия Республикасының Премьер-министрі Роберт Фицоға және барша делегация мүшелеріне ілтипат білдірді.

— Словакия — Қазақстанның Еуропа Одағындағы маңызды әрі сенімді серіктесі. Қазақстанда 30-дан астам словак компаниясы табысты жұмыс істеп жатыр. Елімізге Словакияның ірі кәсіпкерлері де келді. Соған байланысты Роберт Фицо мырзаға алғысымды айтамын. Бүгін бизнес форум өтеді. Бұл жиын өзара ықпалдастығымызды одан әрі нығайтуға жол ашады деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Роберт Фицонмен жүргізген мазмұнды келіссөз барысында казак-словак ынтымақтастығының аясын кеңейту мәселесі талқыланғанын және нақты уағдаластықтарға қол жеткізілгенін атап өтті.

— Қазақстан Словакияға мұнай-газ, уран, азық-түлік өнімдерін және басқа да тауарларын экспорттауға дайын. Сондай-ақ энергетика, машина жасау, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, туризм саласында



бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Әскери-техникалық байланыстың әлеуеті зор. Бұған қоса, біз келіссөздер барысында Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің әлеуетін бірге пайдалану жайын талқыладық. Бұл — стратегиялық маңызы бар сауда жолының бірі. Мен словакиялық серіктестерімізді осы дәлізді дамыту жобасына қатысуға шақырдым. Бұл саладағы ықпалдастық өзара сауда-саттыққа тың серпін беруге тиіс, — деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, еліміз Словакияның су ресурстарын бас-

қару ісіндегі озық тәжірибесін зерделеп, бірлесе жұмыс істеуге дайын.

— Біз мәдени-гуманитарлық байланысты нығайтудың маңызды екеніне тоқталдық. Словакияда еңбек етіп жүрген Қазақстан азаматтарының әлеуметтік жағдайына және құқығын қорғау мәселесіне ерекше назар аудардық. Сондай-ақ білім саласындағы байланыстарды тереңдету жайын талқыладық. Жастарымыз екі елдің жоғары оқу орындарында білім алып жүр. Олар біздің халықтарымызды одан әрі жақындастыра түседі деп ойлаймын. Біздің

қарым-қатынасымыздың тарихы терең. Казак жауынгерлері Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Словакияны азат етуге белсене атсалысты. Осыған орай, Роберт Фицо мырза Отан қорғаушылар монументіне барып, батырлардың рухына тағзым етті. Осылайша, адамзат үшін қиын кезеңде бастау алған казак-словак достығы бүгінге дейін жалғасып, нығайып келеді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бүгінгі келіссөзде халықаралық және аймақтық мәселелерге де назар аударылғанын жеткізді.

— Әлемдегі геосаяси ахуал, жаһандық текетіретер мен сауда соғысы бәрімізді алаңдатып отыр. Екі тарап та бұл түйтікілдер бейбіт жолмен шешілуі керек деп санайды. Елдеріміздің халықаралық ұйымдар аясындағы байланысы нығайып келеді. Атап айтқанда, достығымыз Біріккен Ұлттар Ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы сияқты құрылымдар аясында дамып жатыр. Көптеген жаһандық үрдістер мен сын-қатерлерге қатысты ұстанымдарымыз ұқсас. Біз көпжақты дипломатиялық байланыстарды тереңдетуге ерекше мән береміз. Бүгінгі келіссөз қарым-қатынасымыздың өзара тиімді сипатын тағы да нақтылай түсті. Бірлескен күш-жігеріміздің арқасында казак-словак ықпалдастығы жана деңгейге көтеріледі деп сенемін, — деді Мемлекет басшысы.

Өз кезегінде Словакия Премьер-министрі сапар барысында екіжақты қатынастардың барлық саласы талқыланғанын айтып, келіссөздер қорытындысын жоғары бағалады.

— Біз алға қарай үлкен қадам бастық. Бүгінгі уағдаластықтар қол қойылған тиісті келісімшарттар мен өзара тиімді ынтымақтастықта айқын көрініс табады деп ойлаймын, — деді Роберт Фицо.

Дайындаған
Кәмилә ДҮЙСЕН

СЕНАТ

ҚЫРҒЫЗСТАН ЖОГОРКУ КЕНЕШІНІҢ ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаев Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының отырысына қатысу үшін Қазақстанға келген Қырғыз Республикасы Жоғорку Кенешінің төрағасы Нурланбек Тургунбекуулумен кездесті. Сұхбат барысында тараптар парламентаралық және екіжақты ынтымақтастықтың келешегіне назар аударды.



Мәулен Әшімбаев өз сөзінде Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы қарым-қатынас соңғы жылдарда жоғары деңгейдегі достық байланыстардың арқасында айтарлықтай нығайып, ынтымақтастықтың жана деңгейіне көтерілгенін атап өтті. Осыған байланысты ол мемлекет басшыларының бастамаларын заңнамалық тұрғыдан

қолдаудың және парламентаралық ынтымақтастықты жан-жақты, оның ішінде халықаралық ұйымдардың қызметі аясында одан әрі жандандырудың маңызды екенін айтты.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қырғызстан — біздің еліміз үшін бауырлас және одақтас мемлекет екенін үнемі айтып келеді. Та-

мырымыз бір Қырғыз елімен ғасырлар бойы қалыптасқан достық, ұқсас тіл, ортақ мәдениет пен салт-дәстүр және азаматтарымыздың өзара тығыз қарым-қатынасы байланыстырады. Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаровтың былтыр Қазақстанға жасаған ресми сапары және Жоғары мемлекетаралық кеңестің 6-отырысы екіжақты ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға тың серпін берді. Соның нәтижелердің бірі Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы Одақтастық қатынастарды тереңдету және кеңейту туралы шартқа қол қою болғаны сөзсіз. Қазір екі ел арасында парламентаралық ынтымақтастық та қарқынды дамып келеді. Өңірдегі тұрақтылық пен орнықты дамуды нығайту ісінде Парламент депутаттары мен жергілікті өкілді органдар маңызды рөл атқаруға тиіс», — деп, Мәулен Әшімбаев биыл Бішкекте өтетін Орталық Азия мемлекеттерінің үшінші Парламентаралық форумы және онда өңір елдері арасындағы сенім мен өзара түсіністікті нығайтуды көздейтін мәселелердің талқилануы маңызды екенін атап өтті.

Кездесуде заң шығару қызметін ұйымдастыру және әкімшілік процестер мен парламенттік қызметті қамтамасыз ету саласында тәжірибе алмасу жолдары да сөз болды. Сондай-ақ өңіраралық өзара іс-қимылдың әлеуетін дамытуға арналған міндеттер белгіленді.

СЕНІМ МЕН СЕРПІН КЕЗЕҢІ

Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Ресей Федерациясының Қазақстан Республикасындағы Елшілігі ұйымдастырған Ресей күніне арналған салтанатты қабылдауға қатысты.

Іс-шарада сөз сөйлеген Мәулен Әшімбаев қатысушыларды Ресей күнімен құттықтады. Палата Спикері Қазақстан мен Ресей арасында стратегиялық серіктестік пен одақтастық орнағанын атап өтті. Сондай-ақ ол саяси диалогтің жоғары деңгейін, терең экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды, Тәуелсіздік алғалы бері қалыптасқан берік шарттық және құқықтық базаны тілге тиек етті. Бұл ретте Мемлекет басшылары арасындағы ашық және сенімді диалогтің маңызды рөл атқаратынын да айтылды.

«Біз Ресеймен стратегиялық серіктестік және одақтастық қатынастарды жоғары бағалаймыз. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, «Қазақстан мен Ресейдің қарым-қатынасы — берік әрі мызғымас достықтың үлгісі. Біздің стратегиялық серіктестігіміз бен одақтастығымыз тығыз тарихи және мәдени байланыстарға, сондай-ақ, екі халықтың болашағы жолындағы ортақ жауапкершілікке негізделген». Мемлекет басшысының бұл сөзі біздің жан-жақты өзара іс-қимылымыздың мәні ресми емес, шынайы, ашық екенін және ортақ қауіпсіз әрі жарқын болашақ-



қа бағытталғанын көрсетеді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар Сенат Төрағасы қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жолында парламентаралық ынтымақтастықтың да маңызды екеніне назар аударды.

«Біз Ресей Федералдық Жиналысының Федерация Кеңесімен сындарлы және тиімді жұмысқа айрықша мән береміз. Парламент депутаттары екіжақты форматта, халықаралық парламенттік ұйымдар аясында, оның ішінде, бірін-

ші кезекте, ТМД Парламентаралық Ассамблеясы шенберінде тығыз өзара байланысты жолға қойды. Осы ретте Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының және өз атымынан бүгінгі мерекемен құттықтай отырып, ынтымақтастығымыз нығая берсін деп тілеймін. Қазақстан мен Ресей арасында ғасырлар бойы қалыптасқан достық бейбітшіліктің, елдеріміз бен халықтарымыздың тұрақтылығы мен өсіп-өркендеуінің негізі бола берсін», — деді Мәулен Әшімбаев.

МӘЖІЛІС

ДОСТЫҚТЫ БЕКЕМДЕГЕН ДИАЛОГ

Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов пен Қырғыз Республикасы Жоғорку Кенешінің төрағасы Нурланбек Тургунбек уулу Астанада Қазақстан-Қырғызстан парламентаралық ынтымақтастық кеңесінің үшінші отырысын өткізді. Онда тараптар екіжақты ынтымақтастықты кеңейту және парламентаралық байланысты дамыту бойынша жоғары деңгейдегі келісімдерді жүзеге асыру барысын талқылады.



Жоғорку Кенеш делегациясын қарсы алған Мәжіліс Спикері казак пен кыргыз халықтарын ежелден ортақ тарихы, ұқсас тілі, салт-дәстүрі мен мәдениеті біріктіретінін атап өтті. Ал екі ел арасындағы достық пен тату көршілік қарым-қатынастың тамыры тереңде жатыр.

— Мемлекет басшыларымыз Қасым-Жомарт Тоқаев пен Садыр Жапаровтың саликалы саясатының, өзара түсіністік пен достығының арқасында бүгінде екі ел арасындағы ынтымақтастық өте қарқынды дамып келеді. Біздің көшбасшыларымыздың екіжақты кездесулерінің қарқындылығы парламентаралық байланыстардың жиілігіне де тікелей әсер етеді. Біздің ендігі мақсатымыз — осы екпінді сақтап, одан әрі нығайту, — деді Е.Қошанов.

Мәжіліс Спикері Президенттеріміз ықпалдастықтың басым бағыттарын айқындап, оларды жүзеге асыру үшін нақты міндеттер жүктегенін баса айтты. Оның негізгілерінің бірі — 2030 жылға қарай екі ел арасындағы тауар айналымын 3 млрд долларға дейін жеткізу. Мәжіліс екі апта бұрын ратификациялаған Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы одақтастық қатынастарды тереңдету және кеңейту туралы шартта ынтымақтастықтың жана институционалдык негіздері айқын көрсетілген.

— Бұл ауқымды құжат парламентаралық байланысты нығайту үшін жана мүмкіндіктер беріп отыр. Біздің парламентартерге жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтардың іске асырылуын қадағалау функциясы жүктелген. Осы ретте екі ел үкіметі белсенді жұмыс істеп жатқанын атап өткен жөн. Өз кезегінде біздің парламентартер оларды заңнамалық тұрғыдан қолдауды қамтамасыз етуде, — деді Е.Қошанов.

Сондай-ақ ол казак-кыргыз қарым-қатынасының барлық саласын қамтитын 150-ден астам құжаттан тұратын берік шарттық-құқықтық базасы қалыптасқанын айтты. Олардың ішіндегі ең маңыздылары — Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы келісім, «Карасу» және «Ақ-Тілек» автожол өткізу пункттері маңында индустриялық сауда-логистикалық кешенді құру және оның қызметін реттеу туралы келісім.

Өз кезегінде Нурланбек Тургунбек уулу екіжақты мәселелерді шешуде Парламентаралық ынтымақтастық кеңесінің рөлін ерекше атап өтті.

Бүгінгі Парламентаралық кеңестің отырысы жай ғана жоспарлы кездесу емес. Бұл — екі жақын мемлекеттің арасындағы ашық әрі сындарлы диалогтің жалғасы. Осы тұрғыда парламентартік диалогтің орны ерекше. Парламентартер халықтың мүддесін қорғайды. Демек, парламентаралық ынтымақтастық арқылы біз

өзара түсіністікті қолдап қана қоймай, оны тереңдете аламыз. Бірлескен іс-әрекеттер арқылы ортақ мүдделерді халықаралық алаңдарда қорғауға мүмкіндік жасаймыз, — деді Жоғорку Кенеш төрағасы.

Кеңес отырысы барысында депутаттар сауда-экономика және логистика салаларындағы әріптестікті нығайту мәселелерін ортаға салды. Атап айтқанда, Қазақстан-Қырғызстан шекарасындағы Индустриялық сауда-логистикалық кешен құрылысын одан әрі жүзеге асыру, шекаралық бақылау-өткізу пункттерінің инфрақұрылымын жақсарту жұмыстарын жандандыру, сондай-ақ Алматы-Ыстықкөл автожолын салу жобасы бар.

Сонымен қатар тараптар екіжақты форматта және Орталық Азия елдері Әйелдерінің диалогі, ТүркПА және басқа да халықаралық парламентартік ұйымдар аясында ынтымақтастықты дамытудың маңыздылығын атап өтті.

Отырыста инвестициялық, мәдени-гуманитарлық ынтымақтастық мәселелері, туризм, экология және климаттың өзгеруі салаларындағы жобалар да қарастырылды. Мәжіліс Спикері Қырғызстанның мұздықтарды сақтау және халықаралық тау диалогін белсенді дамыту жөніндегі бастамаларын қолдайтынын айтып, Халықаралық Аралды құтқару қоры аясындағы жұмысты одан әрі жалғастыруға шақырды.

Сапар барысында Жоғорку Кенеш төрағасы Қазақстан Республикасы Президентінің телерадиокеңесінің құрамына кіретін Jibek Joly республикалық телеарнасында болды. Нурланбек Тургунбек уулуна телерадиокомпанияның негізгі жұмыс бағыттары мен Silk Way Central Asia халықаралық медиа жобасы таныстырылды. Жобаның мақсаты — Орталық Азияда біртұтас ақпараттық кеңістік қалыптастыру және жаһандық медиа алаңда аймақ елдерінің мүдделерін ілгерілету. Silk Way телеарнасы алты тілде, соның ішінде кыргыз тілінде хабар таратады. Хабар тарату аумағы 300 миллионнан астам әлеуетті аудиториясы бар 120 елді қамтиды. Алдағы уақытта Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан және Тәжікстанның ұлттық телекомпанияларымен контент алмасу және әріптестік қарым-қатынасты дамыту жоспарланып отыр.

Сапар аясында парламентартер делегациялары Қалибек Қуанышбаев атындағы Казак ұлттық музыкалық-драма театрына барды. Қонақтардың назарына Шыңғыс Айтматовтың әйгілі шығармасы бойынша Қазақстанның халық әртісі Талғат Теменов қойған «Қызыл орамалды шынарым» драмасы ұсынылды.

Мейір ЖАСЫН

«ІЗГІЛІК АКТІСІ»: РАҚЫМШЫЛЫҚ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАНДЫ



Кеше Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар «Қазақстан Республикасы Конституциясының отыз жылдығына байланысты рақымшылық жасау туралы» заңды қабылдады.

Заң бойынша жұмыс тобының жетекшісі Абзал Құспан құжатты Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда айтқан бас бостандығынан айырылған жүкті және кішкентай балалары бар әйелдердің жағдайына назар аудару туралы тапсырмасын орындау үшін депутаттар әзірлегенін атап өтті.

— Бұл — қателіктер жасаған, бірақ өкініп, өзінің мінез-құлқымен түзелу жолына түскенін дәлелдеген адамдарға қатысты біздің мемлекет тарапынан жасалған ізгілік актісінің кезекті көрінісі, — деді мәжілісмен.

Депутат заңда азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне елеулі қатер төндірмейтін қылмыстар үшін сотталғандарды босату ұсынылып отырғанын айтты. Оларға қылмыстық құқықбұзушылықтар мен онша ауыр емес қылмыстар, залал келтіруге алып келмеген не оны толық өтеген ауырлығы орташа қылмыстар, сондай-ақ залалдың немесе азаматтық талап қоюдың бар-жоғына қарамастан, ауырлығы орташа қылмыс жасаған әлеуметтік жағынан осал адамдар тобы жатады.

Алдын ала есептеулерге сәйкес, рақымшылық жасауға бас бостандығынан айыру орындарында отырған 6 мың сотталған және пробация қызметінің есебінде тұрған 9 мың адам рақымшылыққа ілігеді. Сондай-ақ депутаттардың ұсынысымен

рақымшылық актісін жүзеге асыру барысында қылмыстық жазасының соңғы бір жылын оң мінез-құлықпен өтеген 1 700-ден астам сотталған азамат босап шығатын болады.

Абзал Құспанның айтуынша, ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін өтелмеген жазә мерзімін қысқарту ұсынылып отыр. Ал сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иемденіп алғаны немесе ысырап еткені немесе аса ірі мөлшерде алаяқтық жасағаны үшін сотталған адамдар үшін қылмыстық құқықбұзушылықпен келтірілген залал мен оларға қойылған талап-арыздар толық өтелген жағдайда негізгі жазаның өтелмеген немесе орындалмаған бөлігінің мерзімдері немесе мөлшері бестен бір бөлікке қысқартылады.

Сондай-ақ әлеуметтік жағынан осал санаттағы 629 адам рақымшылыққа ілініп, оның 57-сі босатылады, 572 адамның мерзімі қысқартылады. Рақымшылық жасау туралы заң 833 әйелге де қатысты, оның ішінде 109-ы босатылады және 724-інің мерзімі қысқартылады.

Құжатта қылмыстық жауапкершіліктен босатуды және сотқа дейінгі тергеу органдарының өндірісіндегі 2 136 қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуды айқындайтын нормалар қамтылған.

Жұмыс тобының жетекшісі рақымшылық жасауды қолдану туралы түпкілікті

шешімді сот әрбір сотталушыға қатысты жеке қабылдайтынын атап өтті.

Бұл ретте рақымшылық жасау қылмысқа қарсы күресті күшейту аясында қылмыстық құқықбұзушылықтардың криминалдандырылған жаңа құрамдарына, мемлекеттік құпияларды заңсыз жария етуге байланысты қылмыстарға, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасаған адамдар үшін шектелетін болады. Ал рақымшылық аса қауіпті қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.

Жалпы отырыста Мәжіліс Сенаттың «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға енгізген түзетулерімен келісті. Сенат ұялы байланыс операторларына алаяқтыққа қарсы ішкі жүйелер құруды және рұқсат етілмеген трафикті бұғаттауды, сондай-ақ жалған қоныраулар шалынған абоненттік нөмірлерді бұғаттауды және олар туралы ақпаратты Ұлттық банктің Алаяқтықпен күрес орталығына беруді талап етуді ұсынды. Басқа да түзетулер енгізілді.

Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша мемлекеттік органдарға 15 депутаттық сауал қолданды. Олар Мәжілістің ресми сайты мен телеграм арнасында жарияланды.

Мейір ЖАСЫН

Ауыл шаруашылығы саласындағы тұңғыш жоғары оқу орны Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университетінің мүлкін жымқыруға қатысты дау әлі шешімін табар емес. Осыған дейін оқу орнының бірқатар маңызды активі заңсыз түрде жекенің жетегіне кеткен.

УНИВЕРСИТЕТ МҮЛКІ ДАУЛЫ МӘСЕЛЕГЕ АЙНАЛДЫ



Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Атап айтқанда, университетке тиесілі 3 жатақхана, 5 ірі зертхана және 6 гектар жер жекеменшікке өткен. Қазір аталған мәселе «AMANAT» партиясының араласуымен Бас прокуратура мен Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі қызметкерлерінің бақылауына алынған. Жұрда өткен «AMANAT» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңестің кезектен тыс отырысында қолды болған нысандарды университет меншігіне қайтару және кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тарту мәселелері талқыланды. Нысанға арнайы бақылау жүргізген партия мүшелері студенттер игілігіне тиесілі мүліктің жекеменшікке өтуі заңға қайшы әрекет екенін атап өтті.

— Осыған дейін біз комитетке екі рет жүктеме бердік. Содан бері үш ай өтті. Комитеттің азаматтары бір рет келген жоқ. Сондықтан дәл қазір мәселені шешудің ешқандай жолы қарастырылмай отыр. Меніңше, нақты шешімдер қабылдауда немесе министрлік, не прокуратура өкілдерінің тарапынан тиісті әрекеттер жүзеге асырылмай отыр. Біз мұны кішкентай ғана жердің мысалынан көріп отырмыз, — деді «AMANAT» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңестің төрағасы Ерлан Саиров.

Білім ордасы аумағындағы жағдай мұнымен шектелмейді. Жекеменшікке өткен ғимараттардан бөлек оқу орнында басталған кейбір нысанның құрылыс жұмысы тоқтап қалған. Университет өкілдері қараусыз жатқан бұл орындар оқытушылар мен студенттерге қауіп төндіретінін айтып дабыл қакты.

— Бұл нысандар студенттердің өмірі мен денсаулығына қауіп төндіріп отыр. Тіпті, мұның салдарынан Алматы қаласының ортасында техногендік катастрофа болуы мүмкін. Сондықтан мен бүгін Қазақстан Республикасының прокурорына мәлімдеме жасап отырмын. Мұндай бассыздықты дер кезінде тоқтатуымыз тиіс, — деді Парламент Мәжілісінің депутаты Е. Саиров.

Бүгінде Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде 7 мыңға жуық студент білім алады. Университет басшылығы келешекте бұл көрсеткішті 10 мыңға дейін өсіруді көздеп отыр. Дегенмен студент саны өскенімен, оларды қажетті нысандармен қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібіндегі өзекті тақырыпқа айналған. Алдағы оқу жылдарында студенттердің саны артқан жағдайда оларды орналастыру мәселесі күрделене түспек. Себебі жатақхана мен оқу корпустарын салуға бос орын тапшы.

Енді нысандардың құқықтық мәртебесін нақтылау және қолданыстағы заңнама талаптарының орындалуын тексеру үшін тиісті мемлекеттік органдарға депутаттық сауалдар жолданатын болады.

ЖАҢА АУРУХАНА ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ



Маңғыстау облысының Мұнайлы ауданында 150 орындық жаңа орталық аурухананың салтанатты ашылу рәсімі өтті. Шараға Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлнazarова, Маңғыстау облысының әкімі Нұрдәулет Қилыбай, депутаттар, сала ардагерлері мен аудан тұрғындары қатысты.

Аурухана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, денсаулық сақтау инфрақұрылымын жаңғырту және кеңейту жөніндегі мемлекеттік бағдарлама аясында салынды. 200 мыңға жуық халық бар аудан тұрғындарының сапалы әрі қолжетімді медициналық қызмет алуына мүмкіндік беретін ауруханада жаңа стационар терапия, хирургия, педиатрия, босану, анестезиология және реанимация, қайпына келтіру емі мен медициналық оңалту бөлімшелері бар. Сонымен қатар инфекциялық науқастарды оқшаулап емдеуге арналған боксталған палаталармен жабдықталған жұқпалы аурулар бөлімі де қарастырылған. Жалпы көлемі 30 мың шаршыметр болатын заманауи аурухана қажетті медициналық жабдыктармен толықтай қамтамасыз етілген. Мұнда 250-ден аса қызметкер жұмыспен қамтылмақ.

Салтанатты шарада Ақмарал Әлнazarова медицина қызметкерлерін алда келе жатқан кәсіби мерекесімен құттықтап, денсаулық сақтау саласына қосқан үлестері мен адал қызметтері үшін алғысын білдірді.

— Бұл аурухананың ашылуы — жай ғана ғимараттың пайдалануға берілуі емес. Біз үшін әрбір адамның, оның тұрғылықты жеріне қарамастан, сапалы медицинаға қол жеткізуі маңызды. Осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыра береміз, — деді министр А.Әлнazarова.

Аймақ басшысы Нұрдәулет Қилыбай заманауи аурухананың ашылуымен құттықтап, бұл нысанның аудан тұрғындарына сапалы

медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыратынын атап өтті.

— Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қай саланың дамуына да аса мән береді. Әсіресе, тұрғындарға сапалы медицина қолжетімді болуын айтқан еді. 2021 жылы Маңғыстау облысына жасаған жұмыс сапары аясында Президент Мұнайлы ауданы тұрғындарының өтінішін қабылдап, 2022 жылға дейін аудандық орталық аурухана салуды тапсырған болатын. Алайда біз жергілікті атқарушы орган үш жылға кешіктіріп ашып отырмыз. Сол үшін тұрғындардан кешірім сұраймын. Заманауи аурухана тұрғындарға қолжетімді, сапалы медициналық қызмет көрсетудің жаңа деңгейіне жол ашады. Мұнда облыс орталығында да кездесе бермейтін жаңа диагностикалық және емдеу аппараты орнатылған. Адам өмірінен артық маңызды нәрсе жоқ. Сондықтан дәрігерлер халыққа сапалы қызмет көрсетеді деген сенімдімін. Жаңа ғимарат ел игілігіне жарасын! — деді Нұрдәулет Қилыбай.

Медициналық кешен заманауи диагностикалық және емдеу жабдықтарымен толық қамтылған. Атап айтқанда, жаңа үлгідегі компьютерлік томограф, цифрлық рентген аппараттары, экспорттік класты УДЗ жүйелері, функционалдық диагностикаға арналған құрылғылар, науқастардың жағдайын бақылауға арналған мониторлар, сондай-ақ қарқынды терапияға, оның ішінде жана туған нәрестелерге арналған заманауи жабдыктар орнатылған.

С.БЕГІМБАЕВА

ЕЛЕНБЕЙ ЖҮРГЕН ЕҢБЕК АДАМДАРЫ

Демократиялық қоғамдағы саяси партиялардың сайлау науқанында ғана емес, сонымен қатар кез келген уақытта белсенді болуы сөзсіз заңдылық. Онсыз қоғамдағы саяси бәсекелестік дамымайды.

«AMANAT» партиясының саяси тұғырнамасында баяндалғандай, «AMANAT» — халықтың үніне құлақ асып, сайлаушылардың талаптарын бұлжытпай іске асыратын партия. Сонда ғана сайлаушылар саяси партияға сенім арта алады және дауыс береді. Мемлекеттегі ең ірі саяси ұйым — «AMANAT» партиясы қоғам мен мемлекет игілігі үшін жұмыс істеп, саяси тұғырламада айқындалғандай басым бағыттарының бірі әлеуметтік-экономикалық салаларды негізгі басымдықтарының бірі ретінде ұстанған.

Саяси партиялардың тұрақты дамуы оның түрлі бағыттағы партиялық жобаларының нақты әрі сәтті іске асуында. Бұл сайлаушылармен бірге тығыз қарым-қатынас орнатумен қатар елдегі жағдайларға тұрақты түрде көңіл бөліп, «ХАЛЫҚПЕН БІРГЕ!» сайлаудың бағдарламасы Жол картасы миалеттерінің кезең-кезеңімен іске асуына септігін тигізеді. «AMANAT» партиясы жобаларының барлығы дерлік топтағы қарапайым адамдардың игіліктері мен әлеуметтік жағдайларды шешумен қатар қоғамдағы азаматтардың тұрмыстық өресін көтеруге, инфрақұрылымдарды дамытуға бағытталған. Жалпы партияның түрлі бағыттағы 13 жобасы қазір сәтті іске асырылуда. Осы орайда, партияның Астана қалалық филиалы TYRGUNDAR AMANATY жобасын жүзеге асыра бастады. Жобаның мақсаты — көппәтерлі тұрғын үйлерде іс-шараларды ұйымдастыру арқылы қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту. Жоба арқылы қауіпсіз, жайлы және заманауи қалалық орта құру, аула аумақтарын абаттандыру және тұрғындардың үйлерді басқарудағы белсенділігін арттыру.

Жоба ақпан айының басында мүліктің меншік иелері бірлестіктері, пәтер иелері кооператив төрағалары мен қарапайым серіктестіктер төрағаларына Астана қаласының коммуналдық қызмет көрсету ұйымдарының мамандары қатысып, өз саласының қызметтері туралы айтып түсіндірген семинарлардан басталды. Арнайы ұйымдастырылған семинарда тұрғын үй қатынастарын реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді, жұмысты жоспарлау және ұйымдастыру, жылыту маусымына дайындық жұмыстары тура-



лы ақпараттар берілді. Сонымен қатар сервистік қызмет субъектілерімен және коммуналдық қызмет көрсететін ұйымдармен шарттар жасасу, тұрғын үйді модернизациялауға қатысудың тәртібі мен электрмен, сумен жабдықтау және су бұру желілерін пайдалану бойынша негізгі міндеттер мен қолдану, өрт қауіпсіздігіне қарсы шаралар туралы айтылды. Қорытындысында кондоминиумды басқаратын азаматтар тарапынан ұйымдастырылған семинарлар кезең-кезеңімен өткізіліп тұрса деген ұсыныстар да айтылды. Семинар қатысушылары үшін аудан әкімі аппараттарының жауапты қызметкерлері «Халық қатысатын бюджет» жобасына қатысудың ережелері мен тәртіптерін түсіндірді. Жоба қатысушылары жөндеу, асфальт төсеу, жиектастар орнату, шағын сәулет нысандары, балалар және спорт алаңдары бойынша өз ауластарын абаттандыра алады. Кейбір конкурс қатысушылары аула жағдайының қазіргі күйін растайтын құжаттардың қоса тіркелмеуі, қайталанған өтінімдер, жобаға қатысты фото, эскиз, макет немесе сызбаның тіркелмеуі, ұсынушылар тарапынан жобаны жүзеге асыруға қажетті шығындардың шамамен немесе нақты сметалық есебінің болмауы себептерінен дауыс беру кезеңіне өтпей қалған. Алдағы уақытта жобаның жыл сайын өткізілетінін ескере отырып, ереже талаптарына сәйкес келмеген конкурс қатысушылары үшін «AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалы техникалық тексеру мен сараптама кезінде кеткен қателіктерді қайталамас үшін арнайы түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

ҚОҒАМ

12 МАУСЫМ 2025 | БЕЙСЕНБІ

МӘСЕЛЕ

ДРОППЕРДІ «ТӘУБЕГЕ» КЕЛТІРЕТІН ЗАҢ ДАЙЫН

Елімізде алғаш рет алаяқтардың көмекшілеріне – дропперлерге қатысты қылмыстық жаза енгізілді. Осыны бизнес қылып, алаяқтардың қатарын көбейтіп жүргендер жетерлік. Енді олардың табанына тас қойып, тоқтау салынбақ. Алайда басқа проблема бой көтерді. Құқық қорғау органдарының және Парламент депутаттарының айтуынша, алаяқтарға банк қызметкерлері көмектесетіні әшкереленді. Оларға да тегеурінді тоқпақ табылса жөн.

А **Елдос СЕНБАЙ**
«АРААҒАЙЫН»
БОЛУ АБАҚТЫҒА АПАРАДЫ

Сенат «Кейбір заңнамалық актілерге ҚР қылмыстық заңнамасын онтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының жобасын қарауға алды. Оның Мәжілісте талқыланған кездегі бастапқы атауы – «Кейбір заңнамалық актілерге Қылмыстық, Қылмыстық-процестік және Қылмыстық-атқару кодекстерін онтайландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» болған еді.

Төменгі палата заңжобаны 28 мамырдағы отырысында екінші оқылымда қабылдады. Сенаторлар құптаған соң ол Президенттің қол қоюына жолданады. Мемлекет басшысы қолтаңбасымен бекітсе, заң бірінші ресми жарияланған күннен бастап 60 күнтізбелік күн өткенде күшіне енеді.

Жаңа заң жобасы ел тарихында алғаш рет «дропперлік», яғни адамдардың «банк карталары мен шоттарын өзгеге заңсыз бергені үшін» қылмыстық жаза енгізбек. Бастамашы депутаттардың сендіруінше, бұл ұрпау не алдау жолымен табылған қаражатты қылмыстату және заңдастыру схемаларында дропперді пайдалануға қарсы жаңа тетікке айналады.

Сарапшылардың түсіндіруінше, дроппер дегеніміз – заңсыз алынған қаражатты қолма-қол ақшаға айналдыру үшін алаяқтар пайдаланатын адам. Кейбірі заңсыз екенін біле тұра, белгілі бір ақыға өз картасына не банк шотына алаяқтардың қаржы аударуына рұқсат етеді, содан соң ол қаржыны банкоматтан, кассадан шешіп алып, қаскөйлерге табыстайды.

Осы сорақылықтың бәрі үшін ешқандай жаза қарастырылмады. Өйткені сала заңнамалық реттеуден тыс қалған, ұлттық заңнамада тіпті «дроппер» ұғымы болмады. Тиісінше, құқық қорғау органдарының түсіндіруінше, дропперді – өз атындағы банк карталары мен шоттарын өзгелерге беретіндерді қылмыстық жауапкершілікке тарту үшін құқықтық негіз болмады.

Салдарынан әлі күнге дропперлер куәгер ретінде өтеді. Оның сол қызметі үшін ақы алғаны дәлелденсе ғана алаяқтыққа



көмектесуші ретінде жеңіл жаза тартады. Сондай-ақ азаматтық талап қою арқылы 800-дей құрбанның өзінен ұрланған жалпы сомасы миллиард теңгедей ақшаны дропперлерден өндіріп алуының деректері тіркелді.

Жоғарыда аталған жаңа заң жобасымен Қылмыстық кодекске жаңа 232-1-бабы енгізіледі. Оған сәйкес, Қазақстанда «банктік шотқа, төлем құралына немесе сәйкестендіру құралына қолжетімділікті заңсыз ұсыну, беру және және алу, сондай-ақ төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын заңсыз жүзеге асыру» үшін қылмыстық қудалау қолданысқа енгізілмек.

Заңнамалық түзетулер дропперді шынайы мерзімге соттауды қарастырады. Атап айтқанда, алаяқтарға өзінің банк шотына қолжетімділікті заңсыз ұсынған адам 3 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін. Төл банктік шотын пайдалану арқылы үшінші тұлғаларға заңсыз ақша аудару және төлем жасау үшін 5 жылға дейін темір торға қамау белгіленбек.

Ел арасында «дропповодтар» деп аталатындарды, яғни дропперлердің қызметін

ұйымдастырып, пайдаланатын адамдарды өзгенің банктік шотын басқаруға заңсыз қол жеткізгені үшін 7 жылға дейін түрмеге отырғызу көзделеді.

Сонымен қатар жаза басып, өз айыбын мойындағанға жеңілдік болады: жаңа бапта көрсетілгендей, аталған құқықбұзушылықты бірінші рет жасаған, ол туралы полицияға ерікті түрде мәлімдеген, сондай-ақ қылмысты ашуға немесе оның алдын алуға көмектескен адам, егер ол басқа қылмыстық құқықбұзушылыққа қатысы болмаса, онда қылмыстық жазадан босатылады.

БАНК ҚЫЗМЕТКЕРІ ДРОППЕРДІ ДЕМЕЙ МЕ?

«АНАТ» партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенев алаяқтарға, дропперлерге кейбір пайдакүнем банк қызметкерлері көмектесетініне назар аудартты. Сондықтан да бұл саланы заңнамалық реттеу маңызды.

— Мұның қарапайым азаматтарға қатысы бар. Халықпен кездескенде ең көп

айтылатыны да – банктік алаяқтық. Бүгінде барлық алаяқтық қашықтан, электронды жасалады. Халыққа қорған бола алмай отырмыз. Елді аралағанда жұртшылық: «Астанада отырып сіздер көп нәрсені білмейсіздер!» деп ренжиді. Қабылдауыма Қостанайдан бір азамат келді. Ақпанда банкке барғанда оған несие беруден бас тартылады. 3 ай өткенде, небәрі бір күнде оның атына 4 банк алаяқтарға несие берген! Оның табысын да ешкім тексермеген. Ол ақша бірден басқа адамдар атына аударылып, дропперлер арқылы қолма-қол ақшаға айналдырылған. Банктер бізді әдемі сөздермен алдарқатады, бірақ мәселені шешуге асықпайды, — деді М.Әбенев.

Банк қызметкерлерінің дропперлерге дем беретінін бұған дейін «аманаттық» депутат Ринат Зайыт та мәселе етіп көтерді. Оның айтуынша, жаңа заман мен технологияларға жылдам бейімделген жыл-постар күн сайын қорғансыз халықтың шотындағы ақшасын ұрлап қана қоймай, мындаған адамның атына сырттай несие рәсімдеп, онсыз да зорға жүрген адамдарды зарлатады.

— Өкінішке қарай, жазықсыз жем болған жандардың жағдайын ұғып жатқан Үкімет те, банктер де көрінбейді. Сорақысы, көптеген алаяқтық жасау фактісі не банктің, не жергілікті орган өкілдерінің қатысуымен болғаны дәлелденген. Мысалы, Қарағандының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының қызметкері мүгедектігі бар, зейнеткерліктегі жалпы жиыны 90 адамның шотындағы ақшаны жымқырған. Талдықорған, Астана, Алматы қалаларында да банк қызметкерлерінің алаяқтарға азаматтардың жеке мәліметіне қол жеткізуге көмектескені анықталған, — деді депутат.

2025 жылдың қаңтар-ақпан айларында кибералаықтыққа ықпал еткені үшін банк қызметкерлеріне қатысты Қылмыстық кодекстің 250-бабы бойынша — 15 іс, 254-бабы бойынша 17 іс қозғалды. Қалаулылар заңда банктердің киберқылмыстан қорғауға, азаматтардың шоттарының қауіпсіздігін сақтауға міндеттелмегенін, оларға ешқандай жауапкершілік жүктелмегенін айтады.

«Осы әділетті ме? Жок. Алаяққа жем болып, банкте сақтаған жинағынан айырылып, мойнына жоқ жерден несие жүктелген жандарға банктер жұдырық жұмсап, шоттарын бұғаттайды. Бұл — халыққа жасалған орынсыз қиянат! Сәл қиналса, мемлекеттен миллиардтаған ел қаржысын қайтарыпсыз алатын, несиеден ойына келген сыйақысын жинайтын қайырымсыз банктер өз қателіктеріне жауап беруден жалтарып, қашанға дейін тайрандамақ?! Накактан накақ қарызға батқан халықты қорғайтын уақыт келді ғой. Ата Занымыз бойынша мемлекеттің басты байлығы банк емес, халық!» — деді Р.Зайыт.

МИЛЛИАРДТАҒАН ҚАРЫЗ «КЕШІРІЛДІ»

Мәжіліс депутаттары шоттағы қаржының сақталуына банк жауапты болғандықтан, алаяқтықтан келген зардап пен бар-

лық шығынды банктерге өзі өтеуге міндеттеуді ұсынды.

Жалпы, алаяқтықпен, соның ішінде дропперлікпен күрес мәселелерін жауапты мемлекеттік органдар бірнеше рет Президент Әкімшілігінің және Бас прокуратураның аландарында талқылады. Бірлескен жоспарлар аясында қаржылық алаяқтыққа қарсы тұру және жәбірленушілердің құқықтарын қорғау бойынша нормативтік және практикалық сипаттағы бірқатар шара жүзеге асырылып жатыр.

2024 жылғы 19 маусымда Президент «Кейбір заңнамалық актілерге кредит беру кезінде тәуекелдерді барынша азайту, қарыз алушылардың құқықтарын қорғау, қаржы нарығын реттеуді және атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды.

Бұл заң клиенттің қатысуынсыз алаяқтар рәсімдеген несиелерді банктердің құрбаннан өндіріп алуына және осыны талап етіп, олардың үстінен сотқа шағымдануына тыйым салады. Ондай несиеді енді банктің өзі есептен шығаруға және осындай банк қарызы бойынша бұрын ұсталған, төленген сомаларды клиентке қайтаруға міндетті.

Бас прокурор Берік Асылөвтың мәліметінше, заңнамаға енгізілген өзгерістерді орындау аясында тергеу кезеңінде 1 мыңнан астам жәбірленушінің 1,5 миллиард теңгеден астам сомадағы кредитінің қарызын өндіріп алу тоқтатылды. Сондай-ақ банктер жәбірленушілердің 1,6 миллиард теңгеден аса қарызын есептен шығарды.

— Сотқа дейінгі тергеп-тексеру аясында жәбірленушілерге «дропперден» келтірілген залалды азаматтық сот ісін жүргізу арқылы (ҚР АҚ 953-бабы) өз бетінше өндіріп алудың тәртібі түсіндіріледі. Сол арқылы 2024 жылы 800 жәбірленушінің талап арзызы бойынша 1 миллиард теңгеден астам қаражат өндірілді. Қаржылық алаяқтыққа қарсы қосымша тетіктерді іске асыру үшін Үкімет жаңа Жол картасын бекітті. Ол 35 іс-шараны қамтиды. Оның ішінде банктер мен МҚҰ жауапкершілігін реттеу, жәбірленушілердің ақшасын өтеу, сондай-ақ кредит беру кезінде «ойлану кезеңін» енгізу, сөйтіп, ақша аудару мерзімін кідірту мәселелері қарастырылған, — деді Б.Асылөв.

Банктегілердің алаяқтарға көмектесу деректері әшкереленді. Бас прокурордың ақпаратынша, соңғы екі айда қаржы ұйымдарының қызметкерлеріне қатысты лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалану (ҚК-нің 250-бабы) және өз міндеттеріне адал қарамау (ҚК-нің 254-бабы) фактілері бойынша 67 қылмыстық іс тіркелді.

Қорыта айтқанда, бұл бағытта біраз шара қабылданып жатыр. Осы санаттағы қылмыстарға қарсы іс-қимылға бағытталған бірқатар шара әзірленіп, оны іске асыруға жауапты мемлекеттік органдар айқындалды. Енді көп нәрсе жоспарланған жұмыстардың орындалуына, заңмен бекітілген жаңа тетіктердің тиімді қолданылуына байланысты болады.

ДАМУ

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚҚА ГРАНТ КӨП

Жаз – балалар үшін қуаныш пен шаттыққа толы, естен кетпес әсерлерге бай мезгіл. Әсіресе, оқушылар үшін бұл кезең бір жағынан тынығу, екінші жағынан жан-жақты дамуға жол ашатын үлкен мүмкіндік. Түркістан облысында биыл балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру ерекше маңызға ие болып отыр. Өңірде жаз мезгілінде 41 мыңнан астам оқушы 31 жазғы сауықтыру лагерінде демалмақ. Бұл туралы Түркістан облыстық Білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Айгүл Қасымбекова өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте атап өтті. Айгүл Ерхалиқызы жиында жұмысшы мамандықтар жылына орай өңірдегі маңызды жаңалықтар туралы да айта кетті.

А **Назгүл НАЗАРБЕК,**
Түркістан облысы

ТҮРКІСТАНДА МОДУЛЬДІ ЛАГЕРЬ БАР

Жыл сайын оқушылардың жазғы кезеңдегі тынығуын тиімді әрі сапалы ұйымдастыру – облыс әкімдігінің, Білім басқармасының және аудан-қалалық жергілікті билік өкілдерінің басты назарында. Осы жылы алғаш рет модульдік жатын бөлмелермен қамтылған лагерьер өз жұмысын бастады. Бұл бастама — өңірдегі балалар лагерьеріндегі орын тапшылығы мен санитарлық жағдайдың жеткіліксіздігі секілді өзекті мәселелерді шешуге бағытталған.

Биылғы жаз маусымында Төлебі ауданының табиғаты көркем аймағындағы бес лагерь — «Төлеби Нұры», «Тау шыңы», «Балауса», «Тау барысы» және «Балдәурен» — алғаш рет модульді конструкциялармен жабдықталды. Аталған лагерьерлерге 52 модульді бөлме мен санитарлық тораптар орнатылып, бір ауысымда 1000-нан астам баланы қабылдауға мүмкіндік жасалды.

Модульді құрылымдар — қазіргі заман талабына сай, тез орнатылатын, экологиялық таза әрі тиімді инфрақұрылым. Олар балаларды қысқа мерзім ішінде жайлы

жағдаймен қамтамасыз етуге таптырмас шешім. Бұл лагерьерлерде жаз бойы 10 мыңға жуық оқушы демалады деп күтілуде.

Сонымен қатар балалардың жайлы демалысы үшін санитарлық-гигиеналық талаптарға сай жуыну бөлмелері, әжетханалар мен асханалар жабдықталуда. Осы арқылы лагерьерлердің инфрақұрылымы айтарлықтай жаңарып, қауіпсіздік пен қолайлылық деңгейі артты.

Аталған бастама Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровтің тікелей бақылауына алынған. Аймақ басшысы жазғы сауықтыру науқанына қатысты барлық тапсырманың сапалы әрі уақытылы орындалуын қадағалауды жауапты сала басшыларына тапсырды. Өңір әкімінің тапсырмасына сәйкес, жазғы маусымға дайындық аясында бірқатар лагерьерде жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Айталық, көп жылдан бері жаңғыртылмаған «Самал» жазғы сауықтыру лагері биыл 20 жылдан соң алғаш рет күрделі жөндеуден өтті. Мұнда терезелер мен есіктер жаңартылып, ғимарат ішіне заманауи әжетханалар орнатылды, қабырғалар сырланып, әктеу жұмыстары жүргізілді.

Жазғы лагерьерлер — бұл жай ғана тынығу аланы емес, балалардың тұлғалық, шығармашылық және рухани тұрғыда дамуына



жағдай жасайтын маңызды орта. Осыны ескере отырып, облыстағы барлық лагерьерде ойын-сауық, мәдени, спорттық іс-шаралар мен шығармашылық шеберлік сабақтары ұйымдастырылады. Балаларға арналған бағдарлама әр күнге жоспарланып, олардың белсенді әрі мазмұнды уақыт өткізуі қамтамасыз етіледі.

Айта кетейік, 1 маусым — Халықаралық балаларды қорғау күніне орай облыста жазғы сауықтыру маусымы ресми түрде басталды. Бұл кезеңде барлық лагерьерлер толық қуатта жұмыс істейтін болады.

Брифингте Білім басқармасының басшылығы бұдан бөлек, биылғы оқу жылын Түркістан облысы бойынша 553 мыңнан астам оқушы бітіріп жатқанын, оның ішінде 33 884 оқушы он бірінші сыныпты аяқтап жатса, олардың 2 300-ден астамы «Алтын белгіге», 2400-і «Үздік аттестатқа» үміткер екенін жеткізді.

ІТ УНИВЕРСИТЕТІ БОЙ КӨТЕРІП ЖАТЫР

Брифингте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауына орай өңірде бірқатар ілкімді істің бар екені жеткізілді.

«Жұмысшы мамандықтар — бұл еңбек-қорлық, кәсібилік, жаңашылдық және даму



МІНБЕР

Қазақ өнерінің корифейі, төл өнеріміздің төлқұжаты – Асанәлі Әшімов. Тарих бетінде таспаланған «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры», «Транссбір экспресі», «Сіз кімсіз, Ка мырза?» және тағы басқа фильмдегі рөлдері – Асанәлі Әшімовтің актерлік қуатын танытқан шығармашылық белес. Таяуда туған күніне орай атамызды жұмыс кеңсесіне іздеп барып, аңыз адаммен бір сағаттан аса әңгімелестік. Өткенін сағынышпен еске алды, күлді, көңілі жабырқады...

Асанәлі ӘШІМОВ,
*КСРО және ҚР Халық әртісі,
КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты:*

ӨНЕР – мен үшін

— Асанәлі ата, бүгінде сексеннің сентірінен астыңыз. Ғасырға жуықтаған ғұмырыңызға, өткерген белестеріңізге нендей баға берер едіңіз?

— Біз соғыс жылдарының балаларымыз. Алысқа көз тастап қарасам, балалық шағым сондай ұзақ өткендей көрінеді. Сондықтан мен бір ғасыр жасаған сияқтымын. Өмірге ешқандай өкпем жоқ. Кейде жақсылығын, тіпті кейде жамандығын да көресін. Өмірдің өзі түрлі кезеңнен тұрады. Барлығы әркез жақсы бола бермейді. Осы уақытқа дейін өмірдің қызбағын да, шыжығын да көрдік. Сахнаның өз жақсылығы, сомдаған рөлдеріміңіз өз расыты болды. Осының барлығы түптеп келгенде өмірлімді ұзартады. Мен ылғи актердің екі өмірі бар екенін айтамын: бірі сахна, экран болса, екіншісі карапайым, яғни сыртқы әлемдегі күнделікті тіршілігі. Екеуі де өмірде бір-біріне көмектеседі. Сахнаға актер ретінде түрлі рөлді алып шығасың, ал әрбір рөліңнің тарихы саған біраз дүниені ұғындырады. Осының бәрі адамның ми талшықтарын дамытады. Өмірде көп нәрсесі білімге байланысты. Егер білімді көп болса, сахнадағы ғұмырың ұзақ әрі халыққа берерің мол болады. Менің сахнада бір күнде ойнап шыққан қойылымым бір жылға жететіндей нәр береді. Қазақста «Отызда орда бұзбаған, қырықта қамал ала алмайды» деген сөз бар. Расында, әр жастың өзіне берілген міндеті бар. Отыз бен қырықтың арасы — актер бар мүмкіндігін көрсететін, шеберлігі мен тәжірибесі ұштасатын шақ. Мен отыздан асқан шағымда «Қыз Жібек», «Атаманның ақыры» сияқты фильмдерде үлкен рөлдерді сомдап, қырық жасыма дейін сахна мен экранға біршама рөлді алып шығыппын. Осынау он жылға созылған уақыттың ішінде көрермен тарапынан үлкен баға алдым.

— Өзіңізді қалың жұртшылыққа қазақ өнерінің классикасына айналған әйгілі «Қыз Жібектегі» Бекежан рөлі арқылы жақсы біледі. Кино өнеріндегі ұлы бейне сіздің актерлік тағдырыңызға қалай әсер етті?

— Алғаш рет экранға үлкен кейіпкердің рөлін алып шығу, әрине актерге жақсы әсер етеді. Мұндай сәтте көрерменнің ыстық қошеметіне, бағасына ие боласың. Халық арасында танымалдылығың арта түседі, рөлің арқылы өсесің. Дегенмен онымен тоқтап қалмай, әрі қарай жоғарыға талпыну қажет.

Қазақта «Жаксы ит өлігін көрсетпейді» дейді. Сахнаға шығып, алайда ештеңе тындырмай жүрсен, ол да актер үшін ыңғайсыз болуы мүмкін. Сондықтан көрермен актерден үлкен рөлдерді көргеннен кейін олардың ой-пікірі сол қалпында қалуы қажет деп ойлаймын.

ШӘКЕН — ӨТЕ СІРЕК КЕЗДЕСЕТІН ТИП

— Сіз кітабыңызда өзіңізді пір тұтқан үш адамның есімін ерекше атап өтесіз. Шәкен Айманов, Сәбира Майқанова және бабаңыз Ысқақ пірәлар. Осы тұста табиғи дарыны бөлек Шәкен Айманов туралы бірер ауыз сөз қозғасак. Ол кісіден өнерден гөрі өмірде көп нәрсесі үйренгеніңізді айтып қалдыңыз. «Мен Шәкендей адамды кездестірген жоқпын, кездестірмесің» дейсіз. Режиссердің өмірлік принциптері сіздің шығармашылық ұстаным-ыңызға қалай ықпал етті?

— Ұстазым әрі серіктесім Шәкеннің өмірдегі адамшылдық қасиеті, дұрыс өмір сүру салтына өзін-өзі бағыттағаны, жанындағы адамдарға деген көңіл күйі, өмірге деген көзқарасы аса жоғары. Егер ол физика, химия немесе басқа да ғылым саласына бет бұрса, Шәкеннен академик шығар еді. Себебі қай салаға салсан да, оның істі соңына дейін алып шығатын табиғи таланты бар. Ал бойында табиғи таланты бар адам қай салада бол-

масын жарып шығады. Алайда біздің бақытымызға орай Шәкен Айманов өнерге келді, өнерді көр-кейтті. Мен тіпті Шәкенді Қаныш Сәтбаевтан кем емес деп айтар едім. Өйткені адамгершілік, табиғи дарын тұрғысынан олардың деңгейі бір. Шәкеннің өмірдегі жүріс-тұрысы, іс-әрекеті маған сабақ болып қалды. Оның аузынан шыққан сөзі, музыкада ойнай білуі, өлең айтуы, жан-жақты да-рыны өте сирек кездесетін тип. Осы уақытқа дейін мен мұндай жанды әлі кездестірген емеспін. Барынша Шәкенге ұқсауға тырыс-тым. Кейде мәселенің түйінін тар-ката алмаған кезде «Бұл жағдайды Шәкен қалай шешер еді?» деп өзіме сұрақ қоямын. Кейде сұра-ғыма жауабымды аламын. Оның актерлік мәнері мен ойын зерделей отырып, өзіме қажетті дүниеге қанықтым. Осының барлығы мәселені шешуіме, өз бағдарымды анықтауға көмектеседі. Шәкен өзгеге жамандығы жоқ мейірімді адам еді. Кезінде оған қарсы келіп, ісіне басқаша көзқарас танытқан, теріс пікірі қызғаныштан туған адамдар да болғаны рас. Бұл — талантты тұлғалардың өмірінде болатын заңды құбылыс.

ЖАҒЫМДЫ РӨЛДІ ОЙНАУ ҮШІН ДЕ ЖАҒЫМДЫ АДАМ БОЛУ ҚАЖЕТ

— Қазақ сахнасы мен кино өнерінде сіздің есіміңізбен қатар ата-латын замандастарыңыз өмір жолыңызда қандай із қалдырды?

— Менің замандастарым Өнуар Молдабеков, Есболған Жайсаңбаев, Фарид Шәріпова, Сәбира Майқанова сияқты театр сахнасындағы серіктестерім еді. Олар актерлік өнерде мені өсірді. Мен де қолымнан келгенше оларды өсірдім. Сахнадағы серіктестер үнемі бірін-бірі сүйейді. Осының нәтижесінде ғана театр өнері да-миды. Сәтті құрылған ансамбль — үлкен театр. Менің бақытыма орай, айналадағы сахналық серіктестерім мықты болды. Режиссеріміз Әзірбайжан Мәмбетов бізді алға сүйреді, біз де оны биік-тетіп жүрдік. Бұл — шығармашылық ұжымның нағыз үйлесімі. Бүтін бір ұжым болып қызмет еткендіктен, барлығы өз саласында өседі.

Сахнада актер бірде жағымды, кейде жағымсыз рөлді сомдайды. Оның барлығы — актердің күнделікті жұмысы. Егер көрермен жағымсыз кейіпкерді жек көріп кетсе, демек актердің өз рөлін сәтті алып шыққаны. Жағымды рөлді ойнау үшін де жағымды адам болу қажет. Ақылсыз адамды сомдау үшін де ақыл қажет.

— Замандастар демекші, өзіңіз «Әйелдердің Қаллекиі» деп атап кеткен әкемтеатрдың анасы Сәбира Майқанова туралы әңгіме өрбітсек. Өнерді тұтас өміріне айналдырған, ел жадынан ошпейтін мәңгілік өнер тудыра білген театр тарланы бүгін-гінің жастарына несімен үлгі?

— Сәбира Майқанова, Шолпан Жандарбекова, Бикен Римова — халық арасынан шыққан дарындар. Сонау 1930-1950 жылдары театрда патриархат кезеңі болған. Араға жылдар салып Сәбира Майқанова бастаған Халиша Бөкеева, Шолпан Жандарбекова, Бикен Римова, Зәмзәгул Шәріповалардың келуімен матриархат кезеңі басталды. Соның ішінде алғашқы лидер әрі табиғи дарыны бөлек актриса Сәбира Майқанова еді. Ол театрымыздың бақыты, өнер ордасының өсіп-өнуіне үлес қосқан жан. Өкінішке қарай, бізде адамдар бір-бірін көзі тірісінде сыйламайды. Осының нәтижесінде көптеген

құнды дүниені жоғалтып алдық, бүгінге дейін сақтап қала алмадық. Олар жайлы жазылып та үлгермеді. Жарқын тұлғалар туралы ауызша деректер айтылғанымен, уақыт өте келе ұмытыла бастайды. Олар — тарих. Өмірде де, сахнада да өтірік айтуды білмейді. Тіпті, әрқайсысы-на жүзден бір, мыңнан бір шыққан-дар деп баға беруге болады. Өзге-лерге өтірік айтпай, өмірде шың-шыл әрі адал болған адамды халық жақсы көреді. Олардың өнерге адалдығы, өсек-өтіріктен аулақ-тығы, шыншылдығы — шындық мектебі. Қазір сол шындық мектебі жоғалып бара жатқан сынайлы. Қазіргі актерлердің кейбірі сахнада дайын сценарийде жазылған сөзін айтып бергенімен, оның астарында қандай ән мен жатқанын тереңінен ұғына бермейді.

Кезінде актерлер әрбір айтар сөзінің астарына үңіліп, бойына сіңіру арқылы рөлін сахнаға шы-ғарды. Сонда ғана барлық шындық көрерменге көрінеді. Қазір заман өзгерді. Өкінішке қарай, жоғары-дан бастап төменге дейін өтірік көп. Халықтың әл-ауқатын ойла-мағандар көбейді. Олар жай ғана қалтасын толтырған паразиттер. Ал паразиттен жақсы адам шық-пайды. Халықтың тұрмысы наш-арлады, рухани аштыққа ұрынды. Мәдениет, әдебиет, ғылым болма-ған жерде өмір — өмір емес. Мен сізге мына нәрсені айтайын, та-биғат пен адам бір-бірімен тығыз байланысты. Қазіргі табиғи құбы-лыстардың өзгеруі, сан түрлі ауру-сырқаудың келуі — адамның ние-тіне байланысты туады.

— Сәбира апамыз Бішкектегі сапарында көрерменмен қауышар сәтті күтіп жүрген уақытта күптеген



жерден рөлінен алынып тасталған екен. Тосын жағдайдан кейін актриса жүгін жинап, Алматыға қайтып кетеді. Осы оқиғадан соң жаны жараланған актриса көпке дейін бұл күйден айыға алмайды. Тіпті, аурудан оңала алмай қайтс болды деген ақпарат бар. Бұл қаншалықты рас? Сол оқиға есіңізде ме?

— Иә, бұл — Шыңғыс Айтма-товтың «Ана — Жер-ана» қойыл-ымымен Бішкек қаласына гас-трольдік сапармен барған уақытта болған оқиға. Сәбира Майқанова, шын мәнінде, Толғанайдың өзі. Ол сахнада кейіпкерінің кейпіне ене біледі. Сол жылдары сахнаға шы-ғар алдында Шыңғыстың айтуы бойынша ма, әлде біреулер араға түсті ме, Сәбираның реңжіп, Ал-матыға қайтып келген кезі болған. Осы жағдайдан кейін көпке дейін тұра алмай, ауырып қалғаны да рас. Бірақ бұл оқиға оның өліміне себеп болды деген ақпарат шындыққа сәйкес келмейді.

— «Өнерде өз жолыңды бірден тәрден бастайтын жағдайлар да бола-

ды. Одан кейін секіре алмай қаласың» дейсіз. Өнердегі жолын биіктен бастағандар үшін бұл актерді күйзе-ліске, құлдырауға ұшыратпай ма?

— Қыз Жібек пен Төлеген — бас-ты рөлдерді сомдаған актерлердің фильмдегі алғашқы рөлі. Екеуі де халықтың аузында, сомдаған рөлі көрерменнің жүрегіне жетті. Олар өнердегі мансабын жоғарыдан бас-тады. Осы тұста актер әрі қарай қандай рөлмен биіктейді деген сұрақ пайда болады. Әсіресе, бұл кинода жиі болатын жағдай. Актер ең ал-ғашқы жолын үлкен рөлді сомдаудан бастайды, елдің көңілінен шығады, бірақ әрі қарай қандай рөлдерді ойнайды? Сондықтан актерге одан да биігірек рөл қажет болады. Деген-мен бұл актерді құлдырауға әкелмей-ді. Құман Тастанбеков пен Меруерт Өтекешева қазақтың Төлегені мен Қыз Жібегі болып тарихта қалды.

Біз актерлік өнердегі мансап жолымызды көпшілік сахнадан бастадық. Алғаш кино әлемінде кішігірім эпизодтарға қатыстық. Әрине, бұл жақсы. Себебі сен өзіңмен жұмыс істеп, мансапта әрі қарай өсе түссенің.

— Шығармашылық адамының өміріндегі атак пен танымалдылық-



генде неміс драматургі Герхард Гауптманның «Ымырттағы махаб-бат» пьесасына қойылған спек-такльде рөл сомдадым. Расында, сомдаған кейіпкерім менің өміріме жақын еді. Бұл рөл — халық тұрып қол соғатындай соңғы рөлдерімнің бірі болды. Осы рөлден кейін мен сахнадағы актерлік жолымды жақ-сы әсермен аяқтайын дедім.

БІР ИТ ОҚУҒА ТҮСІП КЕЛДІМ ДЕДІМ...

— Сіз үшін өнер — тағдыр ма, әлде таңдау ма?

— Өнер — мен үшін тағдыр. Мен мектепте суретші болуды арманда-дым. Бірақ онымен қайда бараты-нымды білмедім. Бала кезімде актер боламын деп өмірі армандаған емеспін. Тағдыр мені аяқ астынан актерлік жолға қарай бағыттады. Кезінде Мәскеуде оқуын тәмамдап келген режиссер Аскар Токпанов актерлік бөлім ашып, студенттер қабылдамақшы болды. Сол уақытта менің қасымда сыныптас досым Райымбек (актер Райымбек Сейіт-метов — ред) деген жігіт болған. Екеуіз қай оқуға тапсыратынымызды шешпесек те, бір мәнісі болар деп Алматыға қарай жол тарттық. Сол уақытта «Қазақстанская правда» газетіне консерватория жанынан театр және кино актерлерін даяр-лайтын актерлік бөлім ашылатыны туралы хабарландыру жарияланды. Райымбек хабарландыруды көрген соң қабылдауға алып-ұшып барды. Аскар Токпанов Райымбекті бірден қабылдапты, тіпті топтың старос-тасы етіп сайлап қойыпты. Соны-мен, Аскар Токпанов оқуға жана қабылданған жігітке: «Оқуға түспей жатып бастық болдың. Жұмайсың ба?» дейді. Бір күні Райымбек Аскар Токпановты үйге ертіп келген шақта оның көзі маған түседі. Сол сәтте ол маған «Бала, сен қайда оқып жүр-сің?» деп сұрақ қойды. Мен «Сел-хозда» деп жауап қаттым. Біраздан кейін ол «Әй, Райымбек, мына баланы дайындап, ертен емтиханға алып кел» деді. Менің талантым жоқ, домбыра тартып, ән айта ал-маймын. Енді өртістер солай болуы қажет деп ойлап жүрмін ғой. Аскар қолын бір-ақ сілтеді. «Азар болса қазақта бір агроном кем болар» деді. Сонда көрген көз жүріс-тұры-сымнан, сөзімнен бір нәрсені көрген болуы қажет. Содан кейін Райымбек маған режиссер болып, «Жас гвардия» деген ромнанн

мемлекеттен бөлінетін 100 пайыз-дық қаржыландырудың орнына қазір 30 пайыз шамасында қаражат беріледі. «Қыз Жібек» сияқты ха-лықтың жүрегіне жол тапқан фильм-дерден кейін көрерменді дүр сілкін-діретін бірде-бір сапалы туынды шыққан жоқ. Нағыз өнер тумаған-нан кейін көрермен де қабылдамай-тыны анық. Кейінгі жарты ғасырда ел есінде қаларлық, ұлттың жүрегіне жол таба алған ұлы кейіпкер жасал-ған жоқ. Кино өнеріндегі 1970-1980 жылдар — «Қазақфильмнің» алтын ғасыры еді. Себебі әрбір түсірілім алаңында Шәкен бастаған шығарма-шылық қайраткерлері жиналды. Осының арқасында «Моосфиль-нен» кейін «Қазақфильм» қатарда көш бастап тұратын.

Киноның тағдыры режиссерге байланысты. Киноны көркем ойды экран арқылы жеткізе алатын, ұжымды бір бағытқа ұйыстыра білетін режиссерлер жасайды. Шәкен Айманов, Сұлтан Қожы-ков, Мәжит Бегалин, Абдолла Қарсақбаев. Міне, осы төртеуі киностудияның өркендеуіне жол ашты. Мәселен, «Атаманның ақы-ры» фильмінде ірі планда түсіріл-ген кадр көп. Осындай кадрлар түсіріліп жатқан тұста Шәкен ак-терге тік қарап тұрады. Шәкен тұрғанда өтірік ойнай алмайсын.

БАҒДАТ — МАЙРАНЫҢ КӨШІРМЕСІ

— Сіздің өміріңіз өнермен өріліп қана қоймай, сонымен бірге тағдыр-дың түрлі сынағын өткерді. Қайғы мен қуаныштың тепе-теңдігін қалай сақтай алдыңыз?

— Адам болған соң жан бөлек екен. Майра көз жұмды, екі ұлым кетті, артынан анам алыс сапарға аттанды... Біршама уақыттан кейін өмірді қайта бастадым. Рас, елуден асқан шағымда жақын адамдарым-нан айырылу оңайға соқпады. Майра өте сирек кездесетін, жазы-луы қиын склеродермиямен ауыр-ды. Бұл уақытта наукастың терісі қарая бастайды. Ауру бүкіл ішкі ағзаның жұмысына кері әсер етеді екен. Еміне шипа іздеп сонау Ресейге, Германияға бардым. Бірақ әрекетімізден нәтиже болмады. Майра Германияға барған бойда ес-түссіз күйге түсті. Апам Майра-ны жанындай жақсы көруші еді. Тіпті, өз қызындай тәрбиеледі. Майра қайтыс болған кезде апам-ның «Періште болып келіп еді өмірге, періште болып кетті-ау» деп жылағаны әлі есімде. Бағдат — Майраның көшірмесі. Ол қар-тайған шағымда кездескен жақсы адам болды. Бағдат — адамшыл-дығы мол жан. Өмірде айтқан сөзінен қайтпайтын, өмірі өтірік айтпайтын адам. Бағдат келгелі өмірімнің бәрі қайта басталғандай.

— «Майраның әні» кітабы — бір жанның тағдыры ғана емес, сіздің тұтас өміріңіз тарихыңыздың да айнасы. Сол кітапта көрініс тапқан естеліктерді қайта еске алып, Майра апамыздың сіздің өнер адамы ретінде қалыптасуыңызға тигізген әсеріңізді айтып берсеңіз...

— Майрамен кездесу — өмірім-де болған бүтін бір тарих дер едім. Ол да үлкен тағдыр. Студенттік жылдары екеуміз консерваторияда бірге оқыдық. Ол қаланың қызы болса, ал мен ауылдың баласымын. Ауылдағы үлкендердің айтуы бо-йынша, қаланың қыздары үйдің тіршілігіне икемі болмайды деп еститінбіз. Сондықтан мен бастап-қыда Майраға аса мән бере қойма-дым. Бірге дәлдіде бір-бірімізді көріп қалатынбыз. Бірде жана жылдың балында Майраны биге шақырып, барлығы сол биден бас-талып кетті. Майрамен шаңырақ көтерген соң ол маған басынан-ақ: «Тек өз жұмысыңды біл, үйдің тіршілігіне араласпай-ақ қой» деп ашып айтты. Содан бері үй тір-шілігіне де, бала тәрбиесіне де аса араласпадым. Таңнан кешке дейін театрда жұмыс істеп, сомдайтын рөлдеріме көбірек көңіл бөлдім.

Майра о дүниеге аттанған уақытта «Майраның әні» атты кі-тапты жазамын деп ойлаған жоқ-пын. Бұл көңілімді жұбатау үшін Майрамен әңгімелесейін деп жазылған кітап. Жаза бердім, жаза бердім. Бір күні Ақселеу досым жазбаларымды оқып отырып: «Бұл кітап қой, мұны бастадан басып шығару қажет» деп ұсынысын білдірді. Кейіннен Мұхтар Құл-Мұхаммед кітапты басып шығарды.

— Өткен өміріңізге «ризамын» деп айта аласыз ба?

— Өміріме өкпе арта алмаймын. Балалық шағым сұрапыл соғыс жылдарымен тұспа-тұс келсе де, анамның қамқорлығының арқа-сында жетімдіктің тауқыметін сезіне қоймадым. Балалық кезеңде де, одан кейінгі өмірімде де ауыр трагедияларды бастан өткердім. Дегенмен өмір деген солай ғой. Өмірдің жақсылығын да, жаман-дығын да көрдім. Шаңырағым шайқалмады. Жақсы өмір сүрдім деп ойлаймын.

— Әңгімеңізге рақмет, ата! Ғұмырлы болыңыз!

Сұхбаттасқан
Аттынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

РУХАНИЯТ

12 МАУСЫМ 2025 | БЕЙСЕНБІ

ПАРАСАТ

Мұхтар Омарханұлы төл шәкірті Бекмұратты «Мұратым» деп еркелетіп, қазақ фольклорын зерттейтін кәсіби маман етіп қалыптастырады. Шынында, Б.Уахатов — ұлы Әуезовтің соңғы шәкірті болып қалған әрі бұл парызын адал ақтаған тұлға. М.Әуезов музей қорында сақталған М.Әуезов блок-нотында «III курс. 1952. 25 март. Абасведение (коллеквиум). Уахатов Бекмұрат — отлично» деп бестік бағаның астын сызған мәлімет бар. Дарынды шәкірті диссертациясын қорғағанда Мұхтар Омарханұлы оның үйіне барып, дастарқан дайындығын алдын ала көзімен тексереді. Оның себебін «Пәлі, Мұрат, меймандарға сақайдай сай дайынмын дейсің, оны өз көзіммен тексерейін. Мен қонакқа барам деген соң менімен бірге дүр көтеріліп қазақтың жайсандары мен қасқалары үйіне барады» дейді. Үйіне келген соң дастарқан әзірлігіне риза болады, бір кілтипан киім ілгіш осал болып шығады. «Пәлі, Мұрат, бұл жарамайды. Жағалы киімдерін игі жақсылар ілгенде жыртып алуы мүмкін екен. Менің үйімнен киім ілгіштерді дереу әкеп орналастырыңдар» деп тапсырма береді, осылайша сүйікті шәкіртінің әрбір қадамына қамқорлық жасап отырады, ал ғалым Бекмұрат Уахатов та шәкірттік парызын адал атқарады. Бекмұрат Уахатовтың әдебиеттану саласында жазған «Көркемдік ізденістер», «Таланттар мен туындылар» секілді шығармалары — ғылымға қосылған қомақты үлес, қазақ сөз өнерін жаңа белеске көтерген шоқтықты қаламгерлердің шығармашылығына берілген шынайы баға, терең сараптама.

Б.Уахатовтың 1974 жылы жарық көрген «Қазақтың халық өлеңдері», 1983 жылы жарық көрген «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» деген монографиялық еңбектері қазақ халқының ғана емес, түрік халықтарының сөз мұрасын терең байыптаған іргелі зерттеулер болғаны айқын.

Жалпы, бұған дейінгі кезеңде қазақ фольклортануының негізін салушылар әр кезеңдегі шоқтықты зерттеулерінде халық шығармасының барлық жанларын тұтас қамтып, шолу, сипаттау деңгейінде зерттеу жүргізіп келген болатын. Бекмұрат Уахатов соныдан соқпақ салып, бұл үрдіске шұғыл бетбұрыс жасап, жекелеген бір жанрды, нақтылап айтқанда халық өлеңдерін монографиялық деңгейде зерттеген дарабоз ғалым болды. Оның «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» деген монографиясы да осы жанрдың мәселесін берісі түрік, кеңірек айтқанда түрік-моңғол кеңістігінде қарастырған кемел еңбек болды. Көрнекті ғалым осы еңбектерінде 1960–1970 жылдары Кеңес Одағында, әрірек айтсақ, әлем фольклортану ғылымында қолданылып жүрген озық методологиялық жандықтарды білімдарлықпен игеріп, орайын тауып, орынмен қолданғандықтан да, бұл монографиялар арқылы тыңнан жаңалық аша білді. Халық өлеңдерін зерделудің ұтымды тәсілдерін, адаспас бағыт-бағдары кейінгі ұрпаққа көрсетіп берді. «Қазақтың халық өлеңдері» монографиясын қазақтың қазыналы өлең сөзінің құдірет қуатының сырын ашқан, шынайы сипатын танытқан алтын кілт деп бағалауға болады. Ғалым бұл еңбегінде төмендегі мәселелерді шешіп берген.

Бірінші, қазақтың халық өлеңдерін жүйелеп, жанрларға жіктеп, білгірлікпен саралады. Ғалым осы мәселеге өлеңнің жанрлық-функциональдық ерекшелігін ескере отырып кірісіп, сөз өнерінің стадиялық дамуы, тарихи қабат-катпары тұрғысынан үніліп, зерделей білді. Ол жалпы өленді екі топқа бөлді. Бірінші топ — тұрмыс-салт өлеңдері, екінші топ — лирикалық өлеңдер. Бұл жайында Б.Уакатов «Тұрмыс-салт өлеңдерін халықтың еңбегі, үй-іші тұрмысы, наным-сенімі, әдет-ғұрпы, салтымен байланысты туғандықтан да, оны тұрмыс-салт өлеңдері деп атадық. Тұрмыс-салт өлеңдерінің өзі үш тараудан тұрады. Бірінші тарау — күнкөріс, кәсіппен байланысты туған өлеңдер. Бұған аншылық, төрт түлік, наурыз жайлы өлеңдер кіреді. Екінші тарау — халықтың ескілікті наным-сенімінен туған өлеңдер... Үшінші тарау — үй ішінің әдет-ғұрпымен байланысты туған өлеңдер. Бұған балалар туралы өлеңдер мен үйлену салт өлеңдері,

мұн-шер өлеңдері жатады. Екінші топтағы өлең — лирикалық өлеңдер. Бұл өлеңдердің түп төркіні халықтың көңіл күйін, ойын-сезімін бейнелеу болғандықтан да, біз бұл топтағы өлеңдерді жалпақ елдің салтына қатысы жоқ кара өлең (жастық өлең), тарихи-әлеуметтік өлең деп екіге бөлдiк» (75–6) деп жазады. Бұдан аңғарғанымыз: ғалым халық өлеңін негізінен екіге бөлген, яғни ғұрыпқа қатысты, ғұрыпқа қатысты емес өлеңдер деп жіктетген. Бір сөзбен айтқанда, ғұрыпқа тікелей қатысы жоқ көркем өлеңдерді лирика деп саралаған. Халық өлеңдерін былайша жіктеу — әлемдік фольклортану ғылымында озық үлгі ретінде бүгінде де қолданылып келе жатқан үрдіс.



Б.Уахатов осылайша оң саралау жасау арқылы халық өлеңдерінің даму сатысын да тап басып көрсете білген. Ол «Еңбек-кәсіппен байланысты туған өлеңдерді» халық шығармасының ең көне, ықсылым замандағы ілкі үлгісі ретінде зерттеген. Бұл өлеңдерге аншылық, малшылық, егіншілік туралы өлеңдерді жатқызады да, халық мұрасын алғашқы қауым тарихымен сабақтастыра зерттеп, көне қоғам руханиятының кыр-сырына ой сәулесін түсіріп, қазақ сөз өнерінің қалыптасу дәуіріне, арғы тек-тұрпатына батыл барлау жасайды.

Монографияда бұдан кейін «Халықтың ескілікті наным-сенімінен туған өлеңдерге» жеке орын берілген. Біз айтып кеткен бірінші тарауда Б.Уахатов халық өлеңін байырғы шаруашылық тіршілікпен ұштастырса, осы тарауда поэзияны көне дүниетаныммен тығыз бірлікте қарастырады да, сөз өнерінің байырғы бастаулары мен тылсым сырына байсалды талдау жасайды. «Халықтың ескілікті наным-сенімінен туған өлеңдер» тарауының кітаптағы көлемі 38 бет. Тегінде, фольклортануда бұған дейін қазақтың көне дүниетанымы осындай кең көлемде және биік өреде ешқашан талқыланып көрмеген. Діни нанымға-сенімге қатысты болғандықтан, басынан дау-дамай арылмаған бұл үлгілерді ол алдымен сол кезеңдегі идеологиялық қысымнан ептілікпен аршып, арашалап алады да, ауқымды дәрежеде алғаш мәрте терең саралау жасайды. Осы топқа бақсылар сарыны, арбау-байлау өлеңдер, бәдік, бата-тілекті жатқызады. Бір сөзбен айтқанда, бұл мұраларды магияға қатысты фольклорлық үлгі деп атауға да болады. «Шаман бір кездегі емшілік, тамыршылық, астроном, метеорологтың, қобызшы, әнші, сиқыршының міндетін атқарған. Сол үшін халық оларды құрметтен киелі, оқымысты магия иесі деп есептеген» деп бақсылықты зор бағалаған ғалым өзі зерттеп отырған саланың білімдар маманы

екенін қазақтың арғы-бергі тарихында кездесетін әйгілі бақсылардың мейлінше толық та анық тізімін беру арқылы да білдіреді. «Революцияға дейінгі қазақ ауылдарында не көп бақсы көп, балгер көп, тамыршы, есепші (метеоролог), ұшықшы, жаурыншы, құмалақшы дегендер жүздеп саналған. Солардың ішінде өзінің «жын, сайтаны» бар, шын аруақты, аты-жөні мәлім атақты бақсылар онша көп емес. Олар біздің байқауымызша: Қойлыбай бақсы, Қонырат руынан шыққан Көкше бақсы, Балақай бақсы, Шүмен бақсы, Шақар бақсы, Жаман бақсы, Берікбай (Бекбай) бақсы, Арғын Досмырза бақсы, Үйсін Балқыбек бақсы, Бәсентіін Барлыбай бақсы, Дауылбай бақсы,

ХАЛЫҚ МҰРАСЫН ЗЕРТТЕУШІ

Көрнекті әдебиеттанушы-фольклортанушы, филология ғылымдарының докторы Бекмұрат Уахатов (1932-1984) – артына өшпес мұра қалдырған қабырғалы ғалымдарымыздың бірі. Ұлы Мұхтар Әуезовтің ақ батасын алып төл шәкірті болған, ұстазының аманат-өсиетін ақтап, отандық фольклортану ғылымының көшін алға сүйреп, соны бетбұрыс әкелген, небәрі 52 жасын-да өмірден озған оның еңбектері қазір түрік халықтарының мұрасын зерттеуге ұтымды бағдар, тиянақты дәйек болатын маңызға ие.

Дүйсембі бақсы, Ұзақбай бақсы, Ешмұхаммет бақсы, Мәнсебай бақсы, Аяпберген бақсы, Баймағамбет бақсы, Абу бақсы, Ізтілеу бақсы, Бала бақсы, Байеке бақсы т.б.» деп барлығы 24 бақсының есімін атайды.

Келесі тараушада «Арбау-байлау өлеңдері» талданады. Арбаудың поэтикасына, құрамына кеңінен тоқталып, мұндағы түсініксіз сөздердің мәнін ашып береді. Ғалым арбаудың поэтикалық құрылымын түзіп тұрған «тірек сөз» екенін дәлелдейді. Бұл «тірек-сөздерге» ұлы жәндіктердің аты немесе шипалы өсімдіктердің есімі негіз болатынын анықтайды. Мысалы: «Бүйі, бүйі, бүйі шық, Бүйі иесі Қамбар шық...», « Кер, кер, кер жылан, Кереге басты мер жылан...», « Еңкіл-еңкіл, еңкіл құрт, Еңкіл басты қара құрт. Құрен басты сары құрт...» деген арбауларға бүйі, жылан, құрт сөздері «тірек сөз» болғаны айқын. Осы түрдің

Ғалым ғұрыппен байланысты туған өлеңдерге «Балалар өлеңдері», «Үйлену салт өлеңдері», «Мұн-шер өлеңдерін» жатқызады. Бұл шығармаларды адамның туу-үйлену-қайтыс болу кезеңдерінде орындалатын салттармен тұтастықта зерттейді. Балалар өлеңдерінің поэтикалық ерекшелігі туралы ғалым «Балаларға арналған өлеңдердің жасалуы, көркемдік әдіс, тәсілдері де әртүрлі. Ол бірде дәстүрлі лирикалық өлеңдердің көркемдік құралдарына негізделсе, енді бірде балалар өлеңдеріне тән өзіндік стильді пайдаланады. Сондай-ақ бұл өлеңдерде күнделікті тұрмыстың нақтылы суреттерімен бірге өмірді тым сұлулап, көркемдеп көрсетушілік те жоқ емес... әр алуан

өлеңдерге «Балалар өлеңдері», «Үйлену салт өлеңдері», «Мұн-шер өлеңдерін» жатқызады. Бұл шығармаларды адамның туу-үйлену-қайтыс болу кезеңдерінде орындалатын салттармен тұтастықта зерттейді. Балалар өлеңдерінің поэтикалық ерекшелігі туралы ғалым «Балаларға арналған өлеңдердің жасалуы, көркемдік әдіс, тәсілдері де әртүрлі. Ол бірде дәстүрлі лирикалық өлеңдердің көркемдік құралдарына негізделсе, енді бірде балалар өлеңдеріне тән өзіндік стильді пайдаланады. Сондай-ақ бұл өлеңдерде күнделікті тұрмыстың нақтылы суреттерімен бірге өмірді тым сұлулап, көркемдеп көрсетушілік те жоқ емес... әр алуан

Б.Уахатов «Үйлену салт өлеңдеріне» тойбастар, тойтаркар, жар-жар, сынсу, беташарды жатқызады. Ғалым халық өлеңін қазақтың өмір-тіршілігінің айнасы ретінде қарастырғандықтан, осы топтағы өлеңдерді ғұрыппен сабақтастырып зерделейді. Халық өлеңінің бастапқы екі жолы мағынасыз, құр ұйқас, экзотика үшін алынады деген ғылымда қалыптасқан қасан пікірге қарсы шығып, орынды үәж айтады. Өлеңнің бастапқы екі жолында (а.а. ұйқасында) психологиялық параллелизмдер, символдар, этнографиялық бедерлер, табиғат суреттерін адамның көңіл күйіне шендестіру, астастыру, баламалау тұрғанын орынды дәлелдейді.

Ғалым сынудың поэтикалық ерекшелігін былай деп талдайды: «Айталық, «Күмістен құйдым қасықты, Алтыннан құйдым асықты», — деген тәрізді ұйқас түзеп тұрған қос жолдан сон: «Өз қатарым жүргенде, Аға-екем неге асықты», — деп ұзатылғалы отырған қыз өзінің негізгі айтар ойына ауысады. Ал осы жолдарды біреулер тек ұйқас үшін алынған, қазақ экзотикасының суреттері деп жүр. Біздіңше, бұлай деп үзілді-кесілді тұжырым жасауға болмайтын секілді. Өйткені бұл жолдар тек ұйқас үшін тұрған жолдар емес. Тармақ, шумак, ұйқас үндестіктерін айтпағанның өзінде бұл жолдардың ішкі ой-мазмұнында біраз жақындық бар. Мысалы, «Орамал төктім он кесте, Шай киіз тіктім бір кесте» деген сон он беске жетпей жат жұртқа кетіп бара жатқан қыз қайғысының айтылуы; «Күмістен құйдым қасықты» деген сон ағасының неден асыққанын сөз етуі осы жолдардың ішкі мазмұн бірлігін көрсетеді. Сондай-ақ «Күмістен жүген төкпелі» дегеннен сон «Біз әкеге өкпелі» деп әңгімені әкесіне қаратып айтуда да көп мағына, сыр, логика бар».

Ғалым мұн-шер өлеңдерінің тобына естірту, көңіл айту, жоқтауды жатқызады. Ал салтқа қатыссыз орындалатын лирикалық

өлеңдерге кара өлең, ән өлең, тарихи өлеңді жатқызады да, осы үлгілердің сөз кестесіне, құрылымына, жанрлық ерекшелігіне егжей-тегжейлі талдау жасайды.

Б.Уахатовтың сүбелі еңбектерінің бірі 1983 жылы жарық көрген «Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы» деген монографиясы екенін айттық. Ғалым бұл еңбегінде қазақтың тұрмыс-салт жырларын түрік-моңғол фольклоры кеңістігінде қарастырып, тарихи-типологиялық, тарихи-генетикалық тәсілдің ұлттық фольклортану ғылымында бекем орнығуына жол-жоба көрсетеді. Ғалымның бұл монографиясы үш тараудан тұрады: «Тұрмыс-салт жырларын тарихи-салыстырмалы тұрғыдан зерттеудің мәселелері» тарауында отандық фольклортануда типологиялық зерттеуге қолдануға өзі ұсынып отырған жаңа әдіснаманы игерудің келелі мәселелері сөз болады. «Ортақ жанр, ұқсас үлгілер» деп аталатын екінші тарауда төсекте басы, төскейде малы қосылған, ежелден тарихи тамыры ортақ туысқан халықтарда кездесетін, тегі бір рухани қазыналар сарапқа салынады. «Тұрмыс-салт өлеңдерінің поэтикасы» деген соңғы тарауда халық өлеңінің әсемдік әлеміне жан-жақты зерттеу жасалады.

Ғалым қазақ өлеңінің жанрларын түбі бір, бауырлас қарақалпақ, өзбек, алтай, бұрыт, саха, татар, қарашай, тәжік сияқты халықтардың үлгілерімен салыстыра отырып, біздегі кейбір жанрлардың шығу тегіне, ортақ болу себебіне, өзгешелік сипатына нақты саралау жүргізеді. Мәселен, бәрімізге белгілі арбау жанры туралы айтсақ, бұл жанр қазақ, қырғыз, қарақалпақ, татар фольклорында дәл осы атпен тұрақты кездеседі екен (53–54–б). Әйткенмен, бұлардың тақырыбы, мазмұны, орындалу мақсаты әр халықта әртүрлі болып келеді. Мысалы, татарлар: «Есен-сау келдің бе, балам, Ақ көңілден саған арбау салам», — деп күйеу баланы арбап қарсы алса, тәжікте арбауды балалар айтатын ерекшелікке ие. Бір сөзбен айтқанда, татарлар арбау үйлену салтында жиі қолданылса, тәжікте бұл жанр балалар фольклорына айналған кеткен. Ғалым жасаған осы түйіндерден біз туысқан халықтарға ортақ белгілі деген бір шағын жанрдың өзін зерттеуде үлкен күрделі мәселе бар екенін аңғара аламыз.

Ал жоқтауды қырғызша қошоқ, тәжікше, өзбекше мәрсия деп айтатынын жазумен бірге түрік халықтарының ішінде осы жанрдың ең көркемі қырғызда сақталғанын ескертеді. Ал бата-тілекті ақут, татар, айттайлықтар «алғыс» деп байырғы түрде синкретті қолданатынын анықтай түседі.

Осы еңбектің «Тұрмыс-салт өлеңдерінің поэтикасы» деген соңғы тарауында, әлбетте тың тұжырымдар, соны түйінде, батыл байламдар мол. «Мысалы, түркілер өлеңдеріндегі поэтикалық формаларын бірі — теңеу көбіне адамның сыртқы түр-тұлғасын суреттеу үшін алына, метафора ішкі сезімді бейнелеуге қызмет етеді» деп теңеу мен метафораның халық мұрасындағы поэтикалық ерекшелігіне терең талдау жасайды.

Қорыта айтқанда, Б.Уахатов қазақтың халық өлеңдерін берісі түрік-моңғол, әрісі әлемдік кеңістіктегі көркемдік құбылыстармен жүйелі салыстыра байыптаған, осы саланы іргелі де кешенді зерттеген кәсіби маман. Ол бұл үлгілерді зерттеп қана қоймай, жалпы ұлттық фольклортану ғылымының теориялық-методологиялық негіздерінің қалыптасуына зор үлес қосып, бай тәжірибе қорытып, болашақ зерттеушілерге адаспас арна қалыптастырып кетті. Мәселен, Б.Уахатовтың «Қазақтың халық өлеңдері» монографиясының кейбір тараулары кейінгі зерттеушілердің кандидаттық, докторлық тақырыбына айналып, өркен жайды.

Өмірі қысқа болғанымен, терең мағына мен шығармашылық өнімділікке толы өткен, көрнекті ғалымның қазыналы ғылыми мұрасын түгендеп, алты томдық шығармалар жинағын мемлекеттік бағдарлама бойынша жариялау, тағылымға толы ғибаратын жас ұрпаққа дәріптеу — бүгінгі ұрпақтың парызы.

Акеділ ТОЙШАНҰЛЫ,
Түркі академиясы сарапшысы, фольклортанушы ғалым

СЕРПІН

Астана қаласының әкімдігі «Арғын строй-2015» ЖШС және «Биомедпрепарат ғылыми-аналитикалық орталығы» ЖШС-мен бірлесіп, елорданың экожүйесін жақсарту, табиғи байлықтарды сақтап қалу және тұрғындардың денсаулығын нығайту мақсатында экологиялық акция өткізді.

Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Арқаға астана көшірілгелі бері елорданың сол жағалауындағы тұмса табиғат адам қолымен аяусыз оталып, этнограф Жамбыл Артықбаевтың айтуынша, «Тоганастың тоқсан екі» көлі суалып кетті. Сарыарқа төсінде шарсынан асып, еркін ағатын ерке Есіл мен Нұра өзендерінің арнасы тарылып, табиғи гидрожүйе бұзылды. Айдынында қалықтаған сан алуан құстардың, жыл құстарының мекенінен безіп, біржола жойылып кетуіне де қауіп төнген-ді. Дегенмен соңғы жылдары елорда әкімдігі тарапынан қала және қала маңының тұмса табиғатын қорғау, сақтап қалу мақсатында арнайы экологиялық акциялар ұйымдас-тырылып, қоршаған ортаның көрікті келбеті қалпына келе бастады.

ТАЛДЫКӨЛ КӨЛДЕРІ – АСТАНАНЫҢ АРУ КЕЛБЕТІ

«Таза Қазақстан» акциясы аясында ұйымдастырылған іс-шара қала іргесіндегі Кіші Талдықөл №5 және №7 көлдерін биологиялық жолмен тазартуға бағытталды. Яғни, жоба шеңберінде отандық биотехнологияларды, атап айтқанда, микроорганизмдердің арнайы штамдары негізінде әзірленген биопрепараттарды қолдану арқылы көлдер биологиялық жолмен тазартылмақ. Ұйымдастырушылардың айтуынша, тұмса табиғатты сақтап қалу, қалалық экожүйені жақсарту — қала тұрғындарының денсаулығын нығайтуға және аймақтың экологиялық тұрақтылығына да тікелей әсер етеді.

— Жоба барысында екі түрлі биопрепарат пайдаланылды: тірі микроорганизмдерден тұратын сұйық ерітінді және су түбінде баяу әрекет ететін ЭМ-шарлар. Олар органикалық қалдықтарды ыдыратуға арналған.

Су мен тұнбаның химиялық әрі биологиялық көрсеткіштері тұрақты бақылауда. Негізгі әдісіміз — хлорелла секілді пайдалы микроорганизмдерге негізделген биологиялық тазарту технологиясы. Жазда аэрациялық

жүйелерді орнату көзделіп отыр. Ал 2026 жылы гидробиологиялық зерттеулер нәтижесі бойынша балықтандыруға қатысты нақты ұсынымдар әзірленеді, — делі қалалық Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының бас маманы Айдар Рашид.

Экологиялық акция барысында биологиялық жолмен тазартумен қатар көлдерді санитарлық тазалау жұмыстары да жүргізіледі. Суда шамадан тыс көбейген балдырлар орылып, айналада үйілген қоқыстар жиналды.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, барлық жұмыс экожүйенің табиғи тепе-теңдігі мен биологиялық әртүрлілігін сақтау қағидалтарына сүйене отырып жүргізіледі. Жергілікті өсімдіктер мен жануарлардың тіршілік циклдеріне зиян келтірмеу — басты назарда.

— Су тазарту жұмыстарында көбіне сұйық препараттар қолданылады. Біз микробиологиялық препарат жасап шығарған болатынбыз. Оның ерекшелігі — домалақ қатты, көлдің ең астыңғы қабатына әсер етеді. Қолданылатын биопрепараттар суды



тазартып қана қоймай, табиғи биологиялық процестерді сақтайды және биоәртүрлілікті арттырады. Бұл өз кезегінде Астана қаласының экологиялық тұрақтылығы мен табиғи ландшафттарының сұлулығын қамтамасыз етеді. Жобаның тиімділігін бағалау және ашықтығын қамтамасыз ету үшін су сынамаларын үнемі алу және олардың биологиялық әрі химиялық талдауы жүргізіледі. Бұл деректер судың сапасы, микробтық қауымдастықтың жай-күйі, сондай-ақ флора мен фаунаның даму динамикасы туралы мәлімет береді. Осындай кешенді тәсіл биопрепараттарды енгізу әдістері мен көлемін уақытылы түзетуге мүмкіндік беріп, экожүйеге теріс әсерді барынша азайта отырып, жоғары нәтижеге

қол жеткізуге көмектеседі, — деді «Биомед-препарат» ғылыми-аналитикалық орталығының зертхана менгерушісі Диана Жүнісова. Табиғат — Ана! Табиғат — барлық тіршілік атаулының құтты мекені, алтын ұя бесігі, мейірім мен шуақ тұнған таусылмас қазына. Оны жанашырлықпен қорғау — адамның қасиетті борышы. Қазақтың кең-байтақ қасиетті дарқан даласын, тұмса табиғатын сақтау мақсатында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жүзеге асқан «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы қоғамда экологиялық жауапкершілік мәдениетін қалыптастырудағы маңызды қадам екені сөзсіз.

КӨКЕЙКЕСТІ

12 МАУСЫМ 2025 | БЕЙСЕНБІ

ТҮЙТКІЛ

ҚҰЛСАРЫДАҒЫ ҚАСІРЕТ: ЖЫЛАМАСЫН БАЛА, ЖОҚТАМАСЫН АНА

Небәрі 8 жастағы бүлдіршін қыз бала ауыр қылмыстың құрбаны болды. 5 маусым күні көшкісін Құлсары қаласында 8 жастағы қыз бала жоғалып кеткені туралы хабар елді дүр сілкіндірді. Арада бірнеше сағат өткен соң, 6 маусымға қараған түні, сағат 02:19 шамасында, баланың жансыз денесі Құрсай тармағындағы қамыстың арасынан табылды. Атырау облыстық Полиция департаментінің мәліметінше, қыз баланың жоғалғаны туралы хабарлама 5 маусым күні сағат 21:28-де түскен. 2018 жылы туған бүлдіршін түскі уақытта үйінен шығып кеткен, содан бері қайта оралмаған. Жоғалған баланың бағыты белгісіз болғандықтан, барлық бейнебақылау камералары жіті тексерілген. Іздеу жұмыстарына аудандық Төтенше жағдайлар бөлімі мен еріктілер де жұмылдырылған.

А Баян ЖАНҰЗАҚ,
Атырау облысы

«Қазір аталған оқиға бойынша Қылмыстық кодекстің тиісті бабымен қылмыстық іс қозғалып, сотқа дейінгі тергеу амалдары жүргізілуде. Сот-медициналық сараптама тағайындалған, ал баланын нақты өлім себебі әзірге анықталған жоқ. Полиция өкілдері расталмаған ақпарат пен болжамдарды таратуға жол бермеуге шақырады.

Күдікке ілінген 1989 жылғы Ақниет Жұмабаев есімді Құлсары тұрғыны ұсталып, уақытша ұстау изоляторына камалды. Сот оның қамауға алынуын санкциялады», — деді Атырау облысы Полиция департаментінің баспасөз хатшысы Мейірім Ердәулет.

Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде бұл іске қатысы бар деген болжаммен 35 жастағы ер адамның фотосы мен бейнематериал тараған. Бейнежазбада аяғын сылттып басып бара жатқан ер адамның кішкентай қызды қамыс арасымен ертіп бара жатқаны көрінеді.

Қала тұрғындарының айтуынша, марқұм қыз баланың ата-анасы жұмыста болған. Анасы үйге келген кезде қызының жоқ екенін көріп, дабыл қаққан.

Қайғылы оқиға орнаған аудан — Құлсары қаласындағы 5-ауыл мен «Достық» ықшамауданының арасы. Бұл жергілікті халық арасында «вахталық поселке» деген атпен белгілі. Қоғам белсендісі



Жанаргүл Шаргабаева сол күні кешке бейнеүндеу жариялап, аталған аумақта көше шамдарының мүлде жоқ екенін айтып дабыл қакты. Оның айтуынша, бұл аумақ, соның ішінде көпір бойы да қара түнекке батып тұрады.

— Полиция бір ғана шаммен іздестіру жүргізіп жүр. Бұл — өте қауіпті жағдай. Жергілікті билік шұғыл шара қабылдауы

керек, — деді қоғам белсендісі Жанаргүл Шаргабаева.

Сонымен қатар ол бұл ауданда әлі де бұзылмаған иесіз, ескі үйлер мен ғимараттардың қауіпті екенін айтып, оларды дереу тазарту қажет екенін жеткізді.

Баланы іздеуге полиция ғана емес, жергілікті тұрғындар да белсенді түрде атсалысқанымен, өкінішке қарай, үміт ақтал-

мады. Бұл қайғылы оқиға тек бір отбасының ғана емес, бүтін бір қоғамның жайнақайына айналды.

Шыны керек, Атырау өңірінде көмелетке толмаған балаларға қарсы жасалған жыныстық сипаттағы қылмыстардың саны алаңдаушылық туғызып отыр. Соңғы бірнеше жылда тіркелген деректер бұл мәселенің күрделі екенін айқын көрсетуде.

Атырау облысы Полиция департаментінен анықтағанымыздай, 2021 жылы облыс көлемінде 80-нен астам бала сексуалдық сипаттағы зорлық-зомбылықтың құрбаны болған. Оның ішінде, тек Атырау қаласында — 33 іс, ал қалған бөлігі аудан орталықтары мен ауылдық елді мекендерге тиесілі. Бұл деректер полиция және сот органдары тіркеген нақты істерге негізделген.

АТАЛҒАН ҚЫЛМЫСТАРДЫҢ ІШІНДЕ:

- 10 іс — зорлау,
- 10 — сексуалдық сипаттағы күш қолдану,
- 21 — 16 жасқа толмағандармен жыныстық қатынас,
- 8 — балаларды азғыру әрекеттері ретінде тіркелген.
- 2025 жылдың ақпан айындағы мәліметке сәйкес, Атырау облысында балаларға қатысты сексуалдық қылмыс жасап, сотталған 12 адам арнайы тізімге енгізілген. Бұл тізімге енгендердің жетеуі — Атырау қаласының тұрғындары. Олар — еліміз бойынша тіркелген 459 педофилдің бір бөлігі.

“**Қала тұрғындарының айтуынша, марқұм қыз баланың ата-анасы жұмыста болған. Анасы үйге келген кезде қызының жоқ екенін көріп, дабыл қаққан.**

Қоғам арасында педофилдердің жазасын өтеуінен кейін бақылаусыз жүруі мен қайта қылмыс жасау қаупі үлкен алаңдаушылық туғызуда. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мұндай тұлғаларға қатысты бақылау күшейтілгенімен, жүйелі сактық шаралары мен алдын алу жұмыстары әлі де жеткіліксіз.

Қазақстан бойынша 2024 жылы педофилге байланысты 874 қылмыстық іс тіркелген. Бұл 2023 жылғы (876 іс) көрсеткішпен салыстырғанда сәл төмен

болғанымен, ахуал тұрақты түрде ауыр күйінде қалып отыр.

Жергілікті белсенділер мен ата-аналар қауымы бұл мәселе бойынша нақты әрі жүйелі шаралар қабылдауды талап етуде. «Қауіптің алдын алу үшін мектептер мен балабақшаларда түсіндіру жұмыстары жүргізілуі, балаларға қатысты қылмыстар үшін қатаң жаза қолдану, тіпті өлім жазасы да артық емес, жарықтандырылмаған аймақтарды бақылауға алу, психологиялық көмек көрсету желісін кеңейту керек. Қалай десек те, бұл — жеке бір отбасының ғана емес, тұтас ұрпақтың тағдырына тікелей әсер ететін мәселе. Әрбір бала — елдің ертеңі. Сондықтан оларды қорғау — тек құқық қорғау органдарының ғана емес, барша қоғамның ортақ борышы», — дейді Атыраудағы Әжелер мектебінің төрайымы Жұмагүл Нәсік-қызы.

Жұмбақ өлім дегеннен шығады, былтыр Атырауда осыған ұқсас сұмдық жағдай болған еді. 2024 жылдың 18 қазан күні Атырауда 23 жастағы қыз кісі қолынан қаза тапты. Сұмдығы сол, қанішерлер қызды қорлап өлтіріп, денесін Жайық өзеніне лақтырып жіберген. Арада 8 ай өтсе де Янаның денесі әлі табылмай жатыр. Марқұмның анасы Галина, тіпті Президенттен көмек сұрап, хат та жазды.

Яна — Батыс Қазақстанның тумасы. Мектепті үздік бітіріп, Атырауға жоғары оқу орнына грантка түскен екен. Жалғыз қызының студенттік өмірге қадам басқанына әрі қуанып, әрі қобалжыған анасы осылайша, Атырауға Янамен бірге көшіп келеді. Яна жоғары оқу орнын абыроймен

Бала еңбегін қанау проблемасы бүгінде бүкіл әлемді алаңдатып отыр. Баланы еңбекке еріксіз жегу фактілері, әсіресе Орталық Азия елдерінде көп деседі. Халықаралық еңбек ұйымдары сарапшыларының дерегіне жүгінсек, әлем бойынша еңбекке жегілген 200 миллионнан астам баланың жартысы дерлік қауіпті жағдайда жұмыс істейді екен. Бала еңбегін қанауға қарсы күрес мәселесіне қатысты бірнеше халықаралық конвенциялар мен маңызды құжаттар бар. Тіпті, 2002 жылы Халықаралық Еңбек Ұйымы әлем назарын бала еңбегін қанау мәселесіне аудару, проблеманың шешімдерін іздеу мақсатын да — 12 маусымды Дүниежүзілік бала еңбегіне қарсы күрес күні деп жариялағанды.

УӘДЕЛЕСКЕН АҚШАНЫ АЛА АЛМАҒАН

Қарыны ашып, қалтада ақшасы болмаған соң, әсіресе студенттер кез келген мүмкіндікке жүгіретіні рас. Жалпы, жасөспірімдердің тәжірибесі аз, еңбек заңдылығынан бейхабар, ал сенгіштігі жоғары. Әлеуметтік желілердегі «сағаттық жұмыс, тәжірибе керек емес, төлем бірден беріледі» сияқты хабарламаға көп жас алданып қалып жатыр. Жасөспірімдер келісімшартсыз жұмыс істейді. Ал ақысын бермеген жұмыс берушіге шағым түсірейін десе, еш дәлел жоқ. Бұл — жиі кездесетін жағдай. Елордалық студент те сондай жағдайға ұшыраған. Ол Астанадағы Torty.Astana кондитерлік орталығына жұмысқа кіріп, жалақысын ала алмай қалған. Ол бұл туралы әлеуметтік желідегі паракшасына жазды.

Біз зерттеуіміз бір жақты болмас үшін Torty.Astana кондитерлік орталығымен байланысқа шығып, олардың да осы жағдайға байланысты ойын білдік. Ал олар өз тараптарынан ешқандай ағаттық кетпей, заң шеңберінен шықпағанын мәлімдеп отыр.

— Мына студент қыздар мен олардың туыстары, әсіресе әпкесі өте орынсыз әрекет жасап жатыр. Маған коқан-тоқын көрсетіп, қайта-қайта қоңырау шалып, Instagram-да ешбір дәлелсіз мені белгілеп, компаниямды қаралап жатыр. Тағы да қайталап айтамын, ешқандай дәлел немесе негіз жоқ. Олар бірден менің компаниямды жаппай белгілей бастады. Мен дереу заңгерлерге хабарластым. Заңгерлер: «Келесіде тағы осылай негізсіз әрекет етсе, компанияның іскерлік беделін түсіргені үшін оларды заң жүзінде жауапқа тартуға болады» деді. Барлығы алдын ала келісіммен болды. Бізде әрбір адам жұмысқа

ӨЗЕКТІ

Жаз болса бірден баласын жұмысқа орналастырып қояуды көздейтін әке-шешелер бар қоғамда. Бұл жерде зардап шегетін бала. Әсіресе, жоғары сынып оқушылары мен студенттер даяшы, сатушы, бариста, курьер сияқты маусымдық жұмысқа әуес. Сондағы табатын табысы күніне 5 мың теңгеден басталады. Жасөспірімді жұмысқа жегіп, ата-анасы шынымен жыртығын жамай ала ма? Әлде, бұл жастардың өз таңдауы ма? 12 маусым — Халықаралық бала еңбегін қанауға қарсы күн. Осыған орай жалған жарнамаға алданып, сенімсіз жұмыстардан еңбекақысын ала алмай жүрген студенттер мен оқушылардың жағдайын зерттеп көрдік.

БІР КҮНДІК ТАБЫС, БІР АЙЛЫҚ ӨКІНІШ

кіріспес бұрын танысады, түсінеді. Ол қыз үш күн бойы теория мен практикадан өтті. Ол үш күн ішіндегі сатылым — толықтай оқу барысындағы тәжірибенің бір бөлігі, — дейді Torty.Astana кондитерлік орталығының басшысы Әмір Кенжалин.

Оның айтуынша, жұмысқа нөлден бастап келгенде, бірден өз бетімен өнім сата алмайды. Өнімнің ерекшелігін де, мазмұнын да, қалай ұсыну керектігін де білмейді. Сондықтан бастапқыда оған нақты не жазу керек, клиентке не деп жауап беру керек — бәрі түсіндірілді. Ол тек айтқанымызды орындап отырды. Ал енді ол қыздың «мен өз бетімше өнім саттым» дегені —100% жалған.

— Туыстары мені студенттерді «эксплуатациялады» деп айыптап жатыр екен. Мүлдем жалған әрі шындыққа жанаспайтын ақпарат. Керісінше, мен студенттерге мүмкіндік ұсынамын, оларды оқытамын,

уақытымды арнаймын. Оқу процесіне өз қаражатымнан миллиондап ақша жұмсаймын. Соған қарамастан, бұл білімді мен оларға тегін беруге дайынмын — тек жұмыс істеп, үйренсін деген ниетпен. Ол маған тәжірибелік күннің үшінші күнінде ұйықтап қалып, келе алмайтынын жазды. Сондықтан мен «өз тарапымынан ешқандай қателік жасадым» деп ойламаймын. Оның үстіне, барлығы құжат жүзінде тіркелген, қатысушылардың бәрі онымен танысып, құжаттарға қол қойған, — дейді кондитерлік дүкеннің иесі.

ЖАЗБАША КЕЛІСІМШАРТ ЖАСАЛУЫ КЕРЕК

— Ал егер келісімшарт жасалмаса да, жұмыс беруші студентті жұмысқа қабылдап, белгілі бір міндет атқартса, жалақыны төлеуден бас тартуға ешқандай заңды негіз



жок. Мұндай жағдайда, ең алдымен, студент Еңбек инспекциясына шағым түсіре алады. Шағымында: «Мен осындай мекемеде жұмыс істедім, бірақ келісімшарт болмады. Дегенмен мынадай жұмыстарды атқардым» деп, нақты дәлелдер келтіру қажет. Егер Еңбек инспекциясының жауабы мардымсыз болса немесе шағым қанағаттандырылмаса, онда студент сотқа жүгінуге құқылы. Сотта куәгерлер мен қосымша дәлелдер арқылы атқарылған жұмысты растауға болады. Сот шешімімен жалақыны өндіріп алуы мүмкін. Практикада мұндай бірнеше мысал бар, студенттер сот арқылы өздеріне тиесілі еңбекақысын өндіріп алған кездері болған. Бұл жұмыс берушілердің келісімшарт жасамай, жауапкершіліктен жалтарына жол бермеу үшін маңызды, — дейді заңгер.

Заң бойынша елімізде 18-ге толмағандардың барлығы «бала» деген санатқа кіреді. Ешбір баланы еріксіз жұмысқа тартуға болмайды. Тек бала 14-ке толғаннан кейін ғана заңға сәйкес, «ата-аналарының рұқсатымен оқудан бос кезінде денсаулығына және өсіп-жетілуіне оңтайлы, баланың дене бітіміне, имандылығына және психикалық жай-күйіне зиян келтірмейтін қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуға, сондай-ақ мамандық алуға құқығы бар. Бұл құқықты халықты еңбекпен қамту қызметі мен жергілікті мемлекеттік басқару органдары қамтамасыз етеді. Ал қазіргі жастардың басым бөлігі келісімшартсыз жұмыс істейді. Мұндай жағдайда еңбек құқығы қорғалмайды, алданып қалған сәтте шағымдануға негіз де жоқ. Бұл — еңбек нарығындағы жасөспірімдердің ең әлсіз тұсы.

“**Біз зерттеуіміз бір жақты болмас үшін Torty.Astana кондитерлік орталығымен байланысқа шығып, олардың да осы жағдайға байланысты ойын білдік. Ал олар өз тараптарынан ешқандай ағаттық кетпей, заң шеңберінен шықпағанын мәлімдеп отыр.**

Оқу ақысын төлеу, пәтеракы, күнделікті шығын — студент өмірі жеңіл емес. Осындай қысыммен жүрген жасөспірімдер ақша табудың жолын көбіне әлеуметтік желіден іздейді. «Тәжірибе қажет емес», «сағаттық жұмыс», «жалақы бірден беріледі» деген жарнамалар сенім тудырады. Жастардың еңбекке араласуы — өмір мектебінің алғашқы баспалдағы. Бірақ бұл жолда алданып қалу, психологиялық зарақат алу, заңдық тұрғыда қорғансыз қалу сияқты қауіптер де көп. Мұны шешу үшін жастардың еңбек құқығын көтеру, жұмыс берушілерге бақылауды күшейту және оқу орындарында ақпараттық түсіндіру жұмыстарын жүргізу маңызды.

Аблайхан ДҮЙСЕНБЕК,
ЕҰҰ студенті

12 МАУСЫМ 2025 | БЕЙСЕНБІ

КӨЗАЙЫМ

Бұл кітапханаға күніне келетін оқырман саны орта есеппен 100-ден асады. Еуропа-лық стильде құрылған Қосшы қаласындағы Орталық кітапханаға ең бірінші ғимарат-тың ерекшелігіне қызығып келетіндер көп. Кітапхана қызметкерлері осылай дейді. Өйткені әлем назарына іліккен ең ірі кітапханалар желісінің құрылымына ұқсас ру-хани орда қазіргі елордалық жастардың ғана емес, еліміздің әр өңірінен, тіпті шека-ра асып келетін туристердің де бас сұғатын жеріне айналып отыр.

ЗИЯТКЕР
ОҚЫРМАН

Әлеуметтік желіден көріп, біз де бардық сол кітапханаға. Кітапқа үнілгендер де, ғимараттың құрылы-сына таңданып жүргендер де көп. Жаңа кітапхананың көркі көз тартады. Стилі де бөлек, кең әрі заманауи үлгіде салынған. Бізді қарсы алған кітапхана қызметкері Ұлбибі Мұстапаева, ең алдымен, сөрелерді толтырған кітаптар туралы айтып берді. Айтуынша, мұнда 20 мыңнан астам кітап бар, оның 6 мыңға жуығы — балалар әдебиеті. Облыстық және жергілікті бюджеттің тұрақты қаржылан-дыруымен оқырманның сұра-нысындағы кітаптар сатып алына-ды. Мұндай жұмыстарды кітап-хананың жинақтау-өңдеу бөлімінің мамандары жүзеге асырады. Кітапхана директоры Сымбат Бауыржанқызының айтуынша, оқырман сұранысындағы кітаптар арнайы сатып алынып отырады.

«Бізге келетін оқырманның сұранысындағы кітаптарды жур-налға тіркеп отырамыз. Ол тізімді кітапханашылар жинап, кітап дүкендерімен, баспалармен бай-ланыс орнатады. Олардан алған кітапты нөмірлеп, кітапхана мөрі басылып, журналға тіркейді. Одан кейін кітапхана ісін автоматтан-дыру жүйесінде электронды каталогке енгізіледі. Мұның бар-лығы — әр кітапты өңдеуден өткізу кезеңі. Өңдеуден өткен соң кітаптар кітапхананың қызмет көрсету бөліміне тапсырылады», — дейді кітапхана басшысы С.Бауыржан-қызы.

Кітапхана қызметкерінен оқырман арасында көбіне қандай кітаптарға сұраныс көп екенін сұрадық. Ол орыс және қазақ тіл-деріндегі психологиялық кітаптар көбірек өтімді екенін және бұл жанрды көбіне жасөспірімдер оқитынын айтты. Кітапханаға

МЕКЕНІ

тіркелген тұрақты оқырмандар кітапты 15 күнге дейін ала алады. Ал оқушылар болса, осы жерде тапсырмаларын орындай алады. Кітапханашы Ұлбибі Мұстапаева жыл сайын кітапхана жиырма бес мың келушіге қызмет көрсететінін айтады. Одан бөлек, заманауи кітапханада мәдени-рухани іс-



Бізге келетін оқырманның сұраны-сындағы кітаптарды журналға тіркеп отырамыз. Ол тізімді кітапханашылар жинап, кітап дүкендерімен, баспа-лармен байланыс орнатады. Олардан алған кітапты нөмірлеп, кітапхана мөрі басылып, журналға тіркейді.

шаралар да жиі өтеді. Соның бірі — «Жылжымалы кітапхана» жобасы. Бүгінде бұл қызметті Қосшы қа-ласының балабақшалары мен қалалық емхана пайдаланып отыр. «Бұл жерге қызығып, келе алмайтын қаншама мамандар бар. Солардың сұранысын қанағаттан-дыруды өз мойнымызға алдық.



Бүгінде 50-ге жуық оқырман — осы клубтың мүшесі. Жоба жетекшісі Ұлбибі Мұстапаева талқиа түсетін кітаптарды оқырманның өзі таңдайтынын айтты.

«Әдеби клубымызға оқырман өз еркімен тіркеліп, аптаның бір күнінде өздері таңдаған шығарма-ларды талдаймыз. Өйткені мұнда оқырманның талғамын жоғары қоямыз. Бұған дейін Мұхтар Ма-ғауиннің «Бір атаның балалары», «Балуан шолақ», Б.Момышұлының «Ұшқан ұя», «Бейсен және болмыс» кітабын, С.Мырзайдың «Бала-лықтан даналыққа» отбасы хресто-матиясының кітаптарын талдадық. Бұл жоба тұрақты түрде ұйымда-стырылып, оқырманның рухани баюына зор мүмкіндік береді. Астана қаласынан «Алқа», Оуог-да кітап оқу клубтары да кітапхана-мызға қызығушылық танытқан болатын. Қазір олармен тізе қосып жұмыс істеп жатырмыз. Бұдан жастар арасында кітап оқу трендке айналып келе жатқандығын көруі-мізге болады», — делі кітапханашы.

Әбіш Кекілбаевтың «Адамды адам еткен — кітап, адамзат еткен — кітапхана» деген сөзі бар. Сондық-тан қай өңірде болса да кітапхана-лардың бой көтергені қоғам үшін де маңызды. Ал біз айтып отырған кітапхананың ашылғанына аз уақыт болса да, біршама маңызды жобалар қолға алынған. Нақтырақ айтсақ, ғылым күніне орай Орталық кітапхананың ұйымдастыруымен Санжар Керімбайдың «Қаныш және ғылыми майдан» кітабы желісінен ашық дәріс өтті. Шоқан Уәлихановтың 190 жылдығына орай Жарылқап Бейсенбайұлы мен Серік Негимовтің қатысуымен «Шоқан Уәлиханов мұрасы» та-қырыбында ғылыми конференция да ұйымдастырылған.

Қала іргесіндегі Орталық кітапхана мәдениет пен руханият-тың жан-жақты дамуына үлес қосатын, қоғамдық сананы жаң-ғыртатын кеңістікке айналып отыр. «Фолиант» баспасы бұл кітапханаға түрлі мамандық негі-зінде жазылған және аударма мен көркем шығарма тақырыбынан 5 мыңға жуық жаңа кітап сыйлады. Одан бөлек, белгілі ақын-жазушы-лар да кітаптарын қорға тарту етіп отырады. Осылайша, кітап қоры мен ғимараттың сән-салтанаты бір-бірімен үйлесім табуда. Оқыр-ман қарасының үзілмеуі де сон-дықтан.

Сымбат БЕГІМБАЙ,
Ақгүл САЯТҚЫЗЫ

ЕҢБЕК АДАМЫ

«ЖАРҚЫН
БОЛАШАҚ» —
МҮМКІНДІК БАСТАУЫ

Ел экономикасының тірегі саналатын өндіріс са-ласында қызмет етіп жүрген мамандардың еңбегі қашан да жоғары бағаға лайық. Биылғы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Жұмысшы ма-мандықтар жылы» бастамасының мақсаты да — түрлі өндіріс саласында қызмет етіп жүрген мамандардың мәртебесін көтеру. Өйткені бүгінгі еңбек нарығы білікті кадрларға зәру.



Бүгінде осындай саладағы жас мамандарды қолдау мақсатында бірқатар бағдарлама жүзеге асып келеді. Соның бірі — үш жылдан бері жоғары нәтижеге қол жеткізіп келе жатқан «Жарқын Болашақ» мындаған жасқа тегін білім алуға мүмкіндік берді. Бұл жоба техникалық бағыттағы мамандарды даярлауға айрықша көңіл бөледі. Әсіресе, жұмысшы кәсіптерге басымдық берілген. Бағдарлама аясында жастар Қазақстанның 11 өңіріндегі 60 колледжде тегін оқи алады. Гуманитарлық және педагогикалық бағыттармен қатар техникалық, IT салалары да қамтылған. Бүгінде студенттердің жартысына жуығы техникалық маман-дықтарды менгеріп жүр. Кейіпкерлеріміздің әрқайсысы кәсіби маман ретінде дағдыланған. Қарағанды машина жасау колледжінде техник-технолог мамандығы бойынша білім алып жатқан Айбар Әжіғали қазір қаладағы ірі өндіріс орындарының бірінде тә-жірибелен өтуде. Айбардың ойынша, кәсіби-техникалық білімді ерте бастан игеру — жастардың өмірге тез бейімделуіне, нақты еңбекке еркін араласуына мүмкіндік береді. Өзінің де техникаға қызығушылығы бала кезден басталған.

«Әкем механик, бала кезімнен қасында жүріп, көптеген іске араластым: метал тазалап, сырлауды, тұрмыстық заттарды жөндеуді үйрендім. Колледжде оқи жүріп, сызбалармен жұмыс істеуді, техникалық құжаттармен танысуды үйрендік. Енді сол теорияны нақты өндірісте қалай іске асыратынымды көріп жатырмын» — дейді ол.

Ал Көкшетау қаласындағы Құрылыс-технологиялық колледжде оқып жүрген Фариза Елдаш аспаз-кондитер мамандығын менгеріп жатыр. Үш жыл ішінде ол кондитерлік өнерге ерекше қызығушылық танытып, бүгінде қамыр илеу мен нан өнімдерін пісіруге машықтанған. Болашақта шағын кофейня ашып, тәтті тоқаштар, круассан сияқты өнімдерді ұсынулы армандайды. Сондай-ақ Астана қаласындағы Құрылыс-техникалық колледжінің білім алушысы Бекжан Өтелген автокөлікке техникалық қызмет көрсету және жөндеу мамандығын игеріп жүрген жас маман. Бекжан техникалық білім мен кәсіпкерлік көзқарасты ұштастыра отырып, болашақта көлікті жөндеу және жарту бойынша қызмет көрсететін орталық ашсам дейді. Оның пайымдауынша, «Жарқын Болашақ» бағдарламасы жастарға тек қаржылай емес, менторлық, әлеуметтік, психологиялық қолдау да көрсетеді.



«Жарқын Болашақ» бағдарламасы аясында 12-22 жас аралы-ғындағы маңғыстаулық жастар тегін білім ала алады. Жоба «Қаз-МұнайГаз» ұлттық компаниясы мен Samruk Kazyna Trust қорының қолдауымен және Bilim Foundation корпоративтік қорының ұйымдастыруымен жүзеге асып келеді. Бағдарлама өзге өңірге келген студенттерге жаңа ортаға бейімделіп, жеке жауапкершілік алуға, кәсіби мақсат қоюға көмектеседі. Қазір ол бағдарлама аясында ағылшын тілін менгеріп, өзін жан-жақты дамытып жүр.

Мадина МАДЕНИЯТҚЫЗЫ



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербәкіт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНЗҰАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4603

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000, Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданылмайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның
жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –
Әсет ҚАЛИ